

# АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Роман-диалог

## БІРІНШІ ДИАЛОГ

### I

Алматы жазда да, күзде де әсем ғой, шіркін! Сентябрьдың аяқ кезі болса да, астана ыстық, шуақ, жылы нұрға бөгіп тұр. Бірақ ауа райының хабаршылары бүгін жиырма бес градус ыстық болады деп айтқанымен, жаз жиырма бесі мен күз жиырма бесінің жалыны бірдей болмайды екен. Жаздың мұндай күндерінде шолақ жең көйлек киген көше жаяулары жандарына сая таппай дедектейтін еді. Қазір де көйлекшендер көп кездескенімен, бірсыпыра жұрт иықтарына костюм іліпті, бәрі де аяқтарын асықпай басатын болыпты.

Күн әлі де едәуір ыстық болғанымен, сары күздің келгенін сары ала жапырақтар айқын аңғартқандай еді. Төбеден төмен қарай қалықтай құлаған екі-үш жапырақ Фурманов көшесімен жоғары қарай өрлеп бара жатқан менің алдыма келіп түсті.

Комсомол көшесінің қиылысындағы «Ювелирторг» магазинінен өткеннен кейін, үйлердің номеріне көз сала бастадым. Өйткені менің іздеп келе жатқан үйім осы тұста болуға тиіс. Білетін адамдар маған магазиннен өтісімен-ақ оң жағына қарай бер деп түсіндірген. Расында да лезде-ақ мен бұрышында төрткіл көк қаңылтырға ақ сырмен 117 деп бадырайта жазылған номері бар үш қабат үйдің қасына келдім.

Үйдің осы номеріне көзім түскен сәтте жүрегім сәл шым ете қалып, өн бойымды әлде бір жеңіл діріл аралап өткендей болды. Ол бірте-бірте ұмытылыңқырап бара жатқан ескі сезім еді. Ұлы Отан соғысында жүрген кезімізде, шабуылға шығар алдында дәл осындай болып, көңіл қобалжыңқырайтын да, артынан дайындық басталғаннан кейін, дененің дірілі басылып, қорыққаның, қобалжығаның ұмыт боп кететін.

Сыртқы есіктен ішке кіріп, үшінші қабатқа көтерілдім. Мен іздеп келген 6-пәтер баспалдақтың сол жақ түкпірінде екен. Есіктің қоңырауын іздеп, алғашында таба алмадым. Анықтап қайтадан қарасам, есіктің топса жақ жақтауында көзге көрінер-көрінбес боп, түймедей ғана қоңырау кнопкасы тұр екен. Ішке хабар жіберіп, ақырын соны бастым. Содан соң дәл келдім бе екен деп ойлап сағатыма қарасам — он болыпты.

Ішкі жақтан сөйлеп жүрген әйел даусы естілді. Маған есік ашуға келе жатқан кісі болар деп, сәл шегініңкіреп тұрдым. Бірақ есік ашылмады. Мен кнопканы қайта бастым. Осы кезде есіктің дәл ар жағынан шылдыр ете қалған қоңырау үнін естідім. Сонда ғана басыма алғашында қоңырауды қатты баспадым ба екен деген ой келді. Өйткені мұның алдында дәл мұндай боп жақыннан шыққан қоңырау дауысын естімеген сияқты едім. Әлде үйдің үшінші қабатына көтерілгенге жүрек алқынып, үй иесі қалай қарсы алар екен деген сасқалақпен аңғармай қалдым ба, оны өзім де білмеймін.

... 1943 жылдың жазында біздің құрамамыз — 100-Дербес атқыштар бригадасы 2-Балтық майданының бір шетінен екінші шетіне ауыстырылды. Атап айтқанда Великие Луки қаласының түбінен Ловать өзенінің жағасына барып жайғастық. Жорықпен жолда

кетіп бара жатқанымда менің қолыма «Знамя» журналының сол жылғы 5-номері тиді. Сол журналда Александр Бек деген автордың «Панфиловшылар алғы шепте» атты повесінің басы жарияланған екен. Мен онда Бек дегеннің кім екенін білмейтінмін, ондай жазушы барын да естімеген болатынмын. Бірақ Панфилов дивизиясын, одан шыққан 28 батыр есімдерін, Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаров сол дивизияның түлектері екенін жақсы білетінмін. Сондықтан болар, мен бұл повестен бас алмадым. Күндіз тоқтай қалғанда күннің жарығымен, түнде қонған жерде ай сәулесімен оқыдым. Оқыған тарауларды жол-жөнекей жауынгер серіктеріме баяндап та отырдым. Содан соң, алғы шепке сол журналдың 6-номері және келді. Панфиловшылар туралы повестің жалғасын түнде, ай қараңғы болғандықтан, зеңбірек қасына келіп отырып, аккумулятордың жарығымен оқыдым. Повесть те бітті, аккумулятордың да жарығы таусылды. Әрине, менің мұным тәртіп бұзғандық, тіпті қылмыс еді.

Менің зеңбірегімнің жарығы таусылғанын взвод командирі лейтенант Полянцев ертеңінде-ақ білді. Ол білген жоқ еді, мен өзім айттым. Зеңбірегімнің жарығын түнде кітап оқимын деп тауысып алдым дедім.

Полянцев өте ашуланшақ кісі еді. Бірден айғайды салып, сыбап алды. Мен сені қазір атып тастаймын деді. Бірақ атқан жоқ. Погонымды, мылтығымды, белбеуімді сыпырып алып, үш тәулікке гауптвахтыға айдатты. Қылша мойным талша деп, қару кезенген солдаттың алдына түсіп, желбегей шинелім салпаңдап, дивизион штабының қасындағы гауптвахтыға қарай сапар шектік. Бұл бір көрмеген құқайым еді, оны да көретін болдым деп ойладым ішімнен.

Позициядан шыға бере алдымыздан біздің батареяға қарай салт атпен келе жатқан дивизион командирі майор Сахонь кездесті.

Майор Сахоньды біз генерал Панфиловтан кем көрмеуші едік. Тілі сақаулау болғанымен, өте байсалды, ақылды кісі еді. Қарамағындағы артиллеристерді офицерден бастап, әрбір солдаттына дейін білетін. Мен, айдауда келе жатсам да, екі қолымды жамбасыма жапсыра ұстап, аяғымды көтере сермеп, дік-дік басып, мойнымды командир жаққа бұрып, салт атты Сахоньнің қасынан сәлем беріп өттім. Майор мені таныды да, атының тізгінін тартты.

— Қане, тоқтаңдар, — деді артымда маған мылтық кезеп келе жатқан айдаушы солдатқа.

Майор атының басын бұрып, қасыма өзі келді де:

— Аға сержант, қайда жол тартып барасың? — деді.

— Гауптвахтыға, жолдас майор.

— Не үшін?

— Зеңбірек аккумуляторын шығындап түнде кітап оқығаным үшін.

— Ол дұрыс болмаған екен.

— Кінәлымын, жолдас майор.

— Қандай кітап еді?

— Панфиловшылар туралы.

— Ұнады ма?

— Өте ұнады, жолдас майор.

— Момышұлының, оның басқа да жерлестерінің ерлігіне сүйсіндің бе?

— Сүйсінгенде қандай, жолдас майор!

— Мен де сүйсіндім. Ал сен ол кітаптың мазмұнын жолдастарыңа айтып бердің бе?

— Дәл солай, жолдас майор. Бүкіл батареяға баяндап бердім.

— Онда жігіт екенсің, аға сержант, — деді майор маған ат үстінен сығырая қарап. — Сені гауптвахтыға кім жіберді?

— Взвод командирі лейтенант Полянцев, жолдас майор.

— Ендеше мен сенен ол жазаны алып тастадым. Қазір қайт та, взводыңа барып, өз міндетіңе кіріс. Лейтенант Полянцевқа менің осы бұйрығымды айт.

Біз батареядан қырық-елу метр ғана алыстаған едік. Айдаушы солдат өз бетімен кетті де, мен старшинаға барып погонымды, белбеуімді, наганымды алдым. Пилоткамның қызыл жұлдызын қайта қадап басыма кидім де, асықпай аяндап, орман шетінде жауынгерлермен сабақ өткізіп жатқан взвод командиріне қарай беттедім. Лейтенант мені көре сала орнынан ұшып тұрып, бақырып қоя берді.

— Сен неге сенделіп жүрсің әлі күнге дейін? — деп ақырды.

— Сенделгенім жоқ, түп-түзу келе жатырмын, жолдас лейтенант.

Оның аузы жыбыр-жыбыр ете түсті. Бұл оның мені әке-шешемнен сықпыртқаны.

— Менің саған гауптвахтыға бар дегенім қайда?

— Орта жолдан қайтып келдім, жолдас лейтенант.

— Кім право берді саған гауптвахтыға бармай қайтып келуге? Бұл үшін мен сенің көзіңе көк шыбынды үймелетермін әлі.

Осылай деп ол қасында тұрған сержантқа бұйрық берді:

— Омарбаев, қазір мынаның белбеуін шешіп, погонын сыпыр да, дивизиондағы гауптвахтыға айдап бар.

Мұқан Омарбаев амалсыз орнынан тұрып, аяғын сылбыр басып маған қарай аяндады. Мен оған «асықпа» дегендей белгі бердім де:

— Баяндауға рұқсат етіңіз, жолдас лейтенант, — дедім Полянцевқа қарап тік тұра қалып.

— Үніңді өшір. Рұқсат етпеймін, — деді ол.

— Рұқсат етпесеңіз, онда мен рұқсатсыз баяндауға мәжбүр боламын...

— Өшір үніңді...

— Қазір, жолдас лейтенант. Сіздің бұйрығыңызды дивизион командирі майор Сахонь жолдас бұзды, — дедім мен. — Майор осыны сізге айт және Полянецв жолдас дереу маған келсін деді.

— Қайда майор? Сен бағанадан бері неге айтпай тұрсың ол кісінің шақырғанын?

— Айтайын деп едім, сіз маған сөйлеуге рұқсат бермедіңіз ғой, жолдас лейтенант.

Лейтенант пилоткасын түзеп киіп, қос бармағын белбеуіне сұқты. Гимнастеркасының бырысқанын артына қарай жиырды.

— Қайда жолдас майор?

— Позицияда.

Лейтенант орман шетіндегі зеңбіректер тұрған жерге қарай тұра кеп жүгірді. Барды да майорға өзінің шақырту бойынша келгенін айтып рапорт берді. Майор мен лейтенанттың барлық сөздері бізге анық естіліп тұрды.

— Зеңбірек командирін не үшін тұтқындадыңыз, жолдас лейтенант? — деп сұрады майор.

— Түнде кітап оқимын деп зеңбірек шамын тауысқаны үшін, жолдас майор.

— Неге сүйеніп тұтқындадыңыз?

— Уставқа сүйеніп, жолдас майор. Устав бойынша тәртіп бұзған жауынгерді үш тәулікке дейін гауптвахтыға отырғызуға правом бар ғой.

— Әрине бар. Бірақ Уставтағы правоны дұрыстап пайдалана білу керек, жолдас лейтенант. Ол сержант бір зеңбіректің отын өшіргенімен, сол оқыған кітабы арқылы батареяның бар жауынгерінің жүрегіне от жақты. Уставта осы да есептелген. Сіз оны ескермегенсіз. Өзіңіз батальон командирі Момышұлы туралы кітапты оқыдыңыз ба?

— Жоқ, жолдас майор.

— Ендеше, оны оқымағаныңыз үшін, мен сізді үш тәулікке үй тұтқыны етіп қамасам қалай болар еді? Бұл да менің уставтық правом ғой. Сонда сіз ол кітапты оқып шығарсыз деп ойлаймын.

— Күп, жолдас майор, үш тәулікке үй тұтқыны болуға. Бірақ ана кітапты қайдан аламын?

— Оны өзіңіз тұтқындаған сержанттан сұраңыз... Мен сізге арест жарияламаймын, лейтенант. Бірақ бұл есіңізде болсын.

Осыдан кейін — «Знамя» журналының мендегі екі номері қолдан-қолға көшті. Қаршадайынан батырлар жырын жаттап өскен қазақ балалары бұл повесті өлеңдей жаттап алдық. «Фамилиясы жоқ адаммен» — батальон командирі Бауыржан Момышұлымен біз майданда осылай танысқан едік. Оның ерлігіне, батылдығына, тапқырлығына, сонымен бірге адамгершілік асыл қасиеттеріне сүйсіндік. Егер өтірік жазсаң алдымен сол қолыңды, одан соң оң қолыңды шауып тастаймын деп, қылышын жарқ еткізіп қынабынан суырып алып, жазушыға серт қойған сәті әрқашанда жадымызда жүрді. Оның Боранбаев есімді қорқақты жазалағанын да жөн көрдік. Оның Бозжанов, Рахимов сияқты серіктерін де өзімізге үлгі тұттық. Командирлеріміз Бауыржандай қатаң, қаһарман болуға тырысты. Біз, солдаттар, Бауыржандай батыр, батыл болуға ұмтылдық. Бәріміз де Момышұлын бір көрсек, тілдессек-ау деп арман еттік. Бірақ мен Бауыржанмен соғыста кездесе алмадым. Ал онымен соғыс біткеннен соң 18 жыл кейін, онда да тек телефон арқылы ғана тілдесуіме тура келді.

Момышұлы әскерден босап, Алматыға келгенде мен Павлодарда қызметте болатынымын. «Бауыржан отставкаға шығыпты», «Бауыржан пәленшеге былай депті», — деген сияқты ұзынқұлақ хабарларды естігеніміз болмаса, көпке дейін онымен жүздесу сәті түспеді. Алайда мен қиын күндерде пір тұтқан адамым болғандықтан жүрегімдегі оған деген сонау солдат кезінің ыстық сезімін суытпай сақтап жүрдім. Оның үстіне Момышұлының «Біздің семья», «Жауынгердің тұлғасы», «Москва үшін шайқас» атты кітаптары бірінің соңынан бірі шығып, менің оған деген сүйіспеншілігімді бұрынғыдан да арттыра түсті. Момышұлын бұрын командир ретінде құрметтесем, енді жазушы ретінде және жақсы көре түстім.

1961 жылы мен Алматыға ауыстым. Сол жылдың жазында Қазақстанның 40 жылдығын тойлау белгіленді де, соған арнап газетіміздің мерекелік қосымша номерін шығармақ болдық. Мерекелік номерге басқа авторлармен бірге Момышұлының да мақаласы жоспарланды. Редактордың орынбасары ретінде қосымша номерге жетекшілік ету маған жүктелген-ді. Мақаласын ұйымдастыратын авторларды редакция қызметкерлеріне бөле келгенде жұрттың бәрі Бауыржаннан қашқалақтап, онымен байланыс жасаудан тайсалақтай берді. Мен оның себебін түсінбедім.

— Ол кісімен сөйлесу қиын, — деді партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі ақын Құрманғали Ұябаев. — Көңілі түспесе ұрсып тастайды, сөйлеспей қояды. Жігіттер сондықтан батпай отыр. Ол кісімен өзіңіз сөйлескеніңіз дұрыс.

Ақыры Бауыржанның үйіне менің телефон соғуыма тура келді. Ар жақтан трубканы әйел алды. Әйелмен сәлемдескеннен кейін мен Баукең үйде ме деп сұрадым.

— Үйде. Бұл қайдан? — Мен қайдан екенін айттым. Әйел «қазір» деп трубканы тастап кетіп қалды.

— Мен тыңдап тұрмын, — деді бір кезде еркек дауысы трубканы жарып жібере жаздай гүр ете түсіп.

— Сәлеметсіз бе, Бауке.

— Сәлемет.

— Бұл «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясынан ғой, — дедім мен шапшандата сөйлеп, әскери адам жіті, қысқа, нақ сөйлегенді ұнататын болар деген оймен. Содан соң лауазымым мен фамилиямды айттым да, бірден бұйымтайға кірістім. — Мерекелік номерге сіздің мақалаңызды жоспарлап едік. Соған...

— Токта, фамилияң кім сенің? — деді Бауыржан менің жоғарыда айтқандарыма мән берместен.

Мен фамилиямды қайталап айттым.

— Мен ондай адамды білмеймін, — деді Бауыржан сөзін нығыздай сөйлеп. — Мен сізбен сөйлеспеймін...

Бұл күнге дейін мен газет атынан сөйлескен кісіге мұндай жауап берген адамды кездестірген жоқ едім. Аудан, облыс, өлке басшыларымен емін-еркін сөйлесіп, тілек-тапсырмамызды бірден айта беретінбіз. Үлкенді-кішілі журналистермен сөйлеспейтін, олардың өтінішін орындаудан бастартатын ешкім болмайтын.

Момышұлы маңайдан тарс еткізіп, екі сөзге келместен, трубканы ілді де тастады.

Абыржып, аң-таң болып мен қалдым. Ақыры: жазушы ағайындардың жазғанын ғана оқып, атағына алыстан сүйсініп жүре беру керек екен-ау. Оларды көрсем, білсем, тілдесем деу бекершілік екен ғой. Қайта солардың мінез-құлқын, жеке өмірін білмей-ақ қоюдың өзі абзал шығар деп түйгенмін де қойғанмын. Әрине, Момышұлы жоғарыда аталған мақаланы бізге жазып беріп, ол қосымша арнаулы номерде жарияланды да. Менімен сөйлеспегені үшін Бауыржан артынан ғапу да өтінді. Дегенмен, жүрегім сол жолы май ішкендей шайлыққан мен осыдан кейін Момышұлына жоламайтын да, жуымайтын да едім. Аман-сау, абыройлы болуына сырттан тілектес көптің бірі болып жүре беретінмін. Мінеки бүгін келіп мен сол адамның есігін өзім қағып тұрмын.

— Әй, ашсаңшы, — деп гүр ете қалған зор дауыс естілді менің қоңырауымнан кейін. «Бұл мықтының өзі болды» дедім ішімнен.

Есік ашылды. Үстіне аяғының басына түсе сүйретілген гүлді көк халат киген сұңғақ бойлы, сымбатты әйел қарсы алды. Бұл — Бауыржанның жұбайы Кәмәш. Батырдың әйеліне бас идім де, кіруге рұқсат сұрадым.

— Кіріңіз.

Кірсем, есіктің дәл қарсысында кухня бар екен. Соның төрінде, таңертеңгі шай үстелінің басында, ескі әскери кительді иығына желбегей жамылған, үстіне қайырма жағалы, омырауы ашық, сарғыш түсті көйлек, жолақты жұқа шалбар, аяғына жасыл тапочка киген Бауыржан отыр екен. Үстел басында еңсесін тік ұстап, еті қашқан иегін сәл көтере түсіп, сырттай кірген кім екен деп, есікке тесірейе қарап отырған ол бір сәт маған шығыңқылау бет сүйегін, суалыңқылау ұртын, салбыраңқы мұртын, кісіге тайсалмай тіке қарайтын, қарағанда жанарынан ұсақ-ұсақ ине шашырап жатқандай боп көрінетін сәл

қысықтау көзін, қара жартастай қасқиып тік жатқан маңдайды шимайлаған жол-жол әжімдерін әлдебір шебер қол гранитке айқындай қашап, айнытпай түсірген аса бір сұсты, сол сұстылығымен тартымды көрінетін тас мүсінге ұқсап кетті. Табалдырықтан аттағаннан кейін мен оң қолымды кеудеме басып:

— Бауке, сәлеметсіз бе? — дедім.

Бауыржан үндемеді. «Бәлей, бүлдірдім-ау. Ассалаумағалейкум деп айтпағаным қырсығып отыр ма?» — деп мен де үнсіз тұрып қалдым. Бауыржан өзіне сәлемді қазақша бермеген адамдарды үйінен қуып шығады екен деп естігенім болатын. Және ондайда бірден: «Кругом! Шагом марш!» деп айтады екен деп те еститінмін. Маған да солай етер ме екен деп қатты қысылып тұр дым.

Осы арада Бауыржанның тілшілерді қабылдауына байланысты жұрт аңыз етіп айтатын екі оқиға ойыма сап ете қалды. Бірде Момышұлына радиодан магнитофонын арқалап тілші келеді. Тілші шашын әйелше қоя берген жас жігіт екен.

— Әй, сен кімсің? — дейді Бауыржан оны көрген бойда.

— Радиожурналистпін, ағай. Сізбен сөйлесейін деп келіп едім.

— Өзің әйелмісің, еркекпісің, мен соныңды айт деп тұрмын саған.

— Еркекпін, ағай.

— Кругом! — дейді Баукең оған ежірейіп. Сасқан жігіт ұршықша айналып кейін бұрылып, есікке қарап тұрады. — Сен еркек болсаң онда шашыңды еркекше алдырып кел. Марш!

Жігіт салы суға кетіп кеңсесіне қайтады. Қысқартайын десе шашын қимайды, қысқартпайын десе — тапсырма қинайды. Сөйтіп жүргенде бір күн өте шығады. Ертеңінде оны бастығы шақыртады.

— Момышұлымен әңгіме дайын ба? — деп сұрайды бастық.

— Жоқ.

— Неге?

— Шашыңды еркекше алдырып келмесең, сенімен сөйлеспеймін деп қуып шықты.

— Шашыңды неге алдырмайсың?

— Қимаймын.

Бастық ашуланады.

— Ол материал программада тұр. Шашың тұрғай басыңды алдырсаң да бүгін материал осында болсын! — деп бұйырады ол жігітке.

Жігіт амалсыздан шаштаразға барып шашын жұқарттырады. Содан соң Бауыржанға қайтадан барады.

Екінші аңызда Бауыржан Кубадан келгенде бастығы Момышұлынан интервью әкел дегенде бір журналистің «Мені Бауыржанға жұмсағанша тордағы арыстанның жалынан бір сипап қайт деп бұйырыңыз» дегені айтылатын.

Осы екі оқиға есіме түскенде менің одан сайын берекем қаша бастады.

— Мұнда кел, — деді Бауыржан даусын жылытпастан маған тесірейе қараған күйі. Әлі де қуып шығар, шықпасына көзім жетпей сақтана басып қасына барғанымда Бауыржан қолын ұсынды.

— Аман-есенбісің?

— Шүкір, Бауке.

— Отыр, — деп менің арт жағымдағы бос орындықты нұсқады.

## II

— Бауке, денсаулығыңыз қалай? Аанада, өткен май айында ауруханада жатқандағыңыздан кейін көрісіп отырғанымыз осы, жүдеп қалған сияқтысыз ба? — дедім әңгімені бастардан бұрын.

— Мен салмын, — деді ол сәл бөгеліп барып. Бауыржанның не айтқалы келе жатқанын мен қапелімде аңғара алмай қалдым. «О не дегені? Ақан сері. Біржан сал сияқтымын дегені ме? Оны неге байланысты айтып отыр? — деп ойладым. — Сал аурудың не екенін түсінесің бе? — Мен ол сөздің мәнісін енді ұқтым да, басымды изедім. Бауыржан сөзін қайтадан жалғады. — Мына асқазан, өкпе, бауыр, жүрек, жұтқыншақ дегендерің тегіс сап-сау. — Ол алдымен кеудесін сипады да, екі қолын бірдей беліне апарып тоқтатты. — Ал мына жақ ит боп кетті, жүре алмаймын. Мұның өзі жұлын, жүйкеге байланысты ауру. Мен екі рет ауыр жарақаттанған кісімін. Бірақ екеуінде де саптан шыққаным жоқ. 1942 жылы полк командирі кезімде омыртқама оқ тиді. Санбатқа жеткізгенше ес-түсімді білген жоқпын. Есімді жисам, етпетімнен жатыр екенмін. Бас жағымда дәрігер бірдеңе деп баж-бұж етіп тұр. Бақсам сөзі мен туралы екен. «Бұл кісіні дереу госпитальға жіберу керек» деп безек қағады.

— Сонша не боп қапты?— дедім дәрігерге.

— Омыртқаңызда оқ қадалып тұр, жолдас капитан, — деді дәрігер одан сайын дегбірі кетіп. — Сізді дереу госпитальға жөнелтуіміз керек.

Тістеніп, әрең дегенде қолымды жеткізіп, арқамды сипасам, расында да оқ бар екен.

— Скальпелің бар ма? — дедім дәрігерге,

— Жоқ.

— Өткір бәкің бар ма?



— Жок.

— Ұстараның жүзі бар ма?

— Бар.

— Ендеше соны спиртпен шай да, оқ тұрған жердің етін кес!

— Олай етуге болмайды, жолдас капитан...

— Болады! Бұйырамын! Орындамасаң — атамн! — деп етбеттеп жатқан күйімде он жақ жамбасымдағы кабураның аузын ағыта бастадым. Батырға да жан керек деген емес пе, дәрігер дереу айтқанымды істеуге кірісті. Ол арқамды кескілей бастағанда пистолеттің сабын сындырардай қысып, тісім шықырлап мен жаттым.

— Мінеки, жолдас капитан, оғыңыз! — деп дәрігер әлден уақытта омыртқама тірелген оқты алып, алақаныма салды. Жарамды таңдырып алып, арқамнан алынған оқты, мені санбатқа жеткізген Блоха деген жауынгерімнің қолына ұстата салып, жаумен ауыр ұрыс жүргізіп жатқан полкке қайтадан жеттім. Бірнеше күн қатарынан жаумен жағаласып, жан ұшырып жүргенде арқамдағы жараны ұмытып та кеттім. Ол бірде суланып, бірде қарақотырланып, бірде қыши бастап, өзінен-өзі жазылып та бітті.

Бауыржанның аузынан шыққан Блоха деген фамилия менің көз алдыма екінші бір картинаны елестетті.

1960 жылы бір топ ақын, жазушы шахтерлермен кездесу үшін Алматыдан Қарағандыға келді. Солардың ішінде Бауыржан Момышұлы да бар еді. Бір күні таңертең жазушылар шағын-шағын топтарға бөлініп, шахталарға кеткелі жатқанда, мейманхананың Бауыржан түскен бөлмесінің есігі тықылдады.

— Кіріңіз, — деді жайбарақат темекі тартып отырған бөлме иесі.

— Қайда менің батям? — деп гүрілдек дауысты, Бауыржанның өзін екі орап алғандай алпамса денелі, ұзын мұртты әлде біреу ырғаң-ырғаң басып, есікті айқара ашып тастап ішке қарай кіріп келе жатты.

Бауыржан тез мойнын бұрып, дауыс шыққан жаққа жалт қарады. Жалт қарады да, қорбандап, құшағын жайып, өзіне қарай ұмтылып келе жатқан алып денелі адамды бірден таныды. Батырдың қаһар жүзі жылып, қатал жүрегі жібіп, жұмсарып қоя берді. Бір кезде полк командирі Момышұлын қол астындағы жауынгерлерінің бәрі тегіс «батя» деп атайтын еді. «Батя» — қазақша «әке» деген сөз. Командирдің өзін қол астындағы жауынгерлері ресми түрде «жолдас командир» деп атауы оңай. Ал оның «әке» деп атауы оңай іс емес. Солдаттар әкедей зейіл, әкедей әділ, әкедей қамқоршы командирді ғана, өздерін әкедей аялап, әкедей сүйе білетін командирді ғана әскери уставтың талап етуінше емес, өз жүрегінің әмірімен, осылай «әке» деп атайды. Бауыржанға «батылап» кіріп келе жатқан адамның артынан бүкіл полкы жамырай еріп келе жатқан сияқты боп көрінді. Ол орнынан атып тұрды да:

— Мен мұндамын, ұлым! — деді даусы еркінен тыс елжірей шығып.

Қос құшақ айқаса түсті. Былайғы жұртқа кесек боп көрінетін Бауыржан келген адамның құшағына еркін сыйып кетті. Екі алып адам бірін-бірі аймалай құшқанда кешегі Ұлы Отан соғысында Москваны шойын кеуделерімен қорғаған екі ер солдаттың болат жүректері бордай езіліп кеткенге ұқсады. Бұлай болатын жөні бар еді.

...Ашық жерде, ақ қардың үстінде жатқан батальон күні бойы жаудың бес рет жасаған атакасын тойтарды. Бес ретте де пулеметші Блоха ерекше көзге түсті. Бұл күні полктың ең жанды жері болған бұл батальонмен Бауыржан күні бойы бірге болды. Фашистердің алтыншы атакасы басталмас бұрын Бауыржан еңбектеп, пулеметші Блоханың қасына келді.

— Сенің табандылығыңа, ерлігіңе және мергендігіңе бүгін мен ерекше сүйсіндім, Блоха. Саған деген шын жүректен шыққан алғысымды айта келдім, — деп, Бауыржан етбетінен жатқан ақ тонды еңгезердей солдаттың арқасына қолын тигізді.

Арпалыс сәтте алғы шепке келіп сүйікті командирі алғыс айтса, солдатқа одан қымбат не болушы еді! Солдатқа сол сәттегі командирдің бір ауыз жылы сөзінен жоғары не награда болушы еді! Блоханың қақпақтай жауырыны оқыс бүлк-бүлк етіп қалды.

— Совет Одағына қызмет етемін!.. Батя!.. — деді ол булығып.

Бауыржан солдатқа бұдан басқа дәнеңе деген жоқ. Тез еңбектеп, рота командирінің окобына қарай кетті. Полк командирі кеткеннен кейін, көп кешікпей, дем ала алмай ентігіп, түсі қашып шәпеті денелі рота командирі пулеметшінің қасына жетті. Осы кезде немістер алтыншы шабуылды бастауға кіріскен еді. Олар бар қаруларынан оқ атып, бұрқылдата жөнелді.

— Полк командирі ауыр жарақаттанып қалды, — деді ол дегбірі қашып. — Блоха, айналайын, бұл жерде батяні сенен басқа алып кете алатын кісі жоқ. Тез барып құтқар батяні. Сенің орныңа пулеметке өзім жатамын.

Блоха төбе құйқасы шымырлап, өзінің не боп кеткенін білмей қалды.

— Тірі ме? — деді бар аузына түскен сөз осы болып.

— Тірі, тез жете гөр, айналайын!..

Көбік қарды садақтың оғындай сызып рота командирінің окобына тез жеткен Блоха ес-түсін білмей жатқан Бауыржанға төнді. Алыпты алып қана арқалайды емес пе, оны иығына салып, тез-тез жиырылып, еңбектей жөнелді. Оның артынан, кетіп бара жатқан танктың бір жақ табанының ізіне ұқсап, шұбатылған траншеядай терең із минут сайын ұзара берді...

Екеуі үстел басына отырып, хал-жай білісті. Блоха Қарағандының бір шеберханасында ұста болып істейді екен. Бауыржанның осында келгенін газеттен оқып, әдейі іздеп келіпті.

Бауыржанның буфетінде бір жартылық таза спирт бар еді. Соны алып келді де, графиннің жанында тұрған үлкен стаканға толтыра құйып, Блохаға ұсынды.

— Мен қазір ішпеймін, — деді Бауыржан, — шахтаға кездесуге бара жатырмын. Ал екеуміздің осы кездесуіміз үшін сен мынаны жұтып қой.

— Дем алмастан ба, батя?

— Иә, дем алмастан.

Блоха бір стакан спиртті екі-ақ қылқып, көріктей кеудесін керіп, терең бір дем алды да, аузын күректей алақанымен сүрте салды.

— Екеуміздің бүгін бірге отыратын он-ақ минут уақытымыз бар, — деді Бауыржан. — Сен ертең офицерлердің клубына кел, сонда молырақ сөйлесеміз.

— Немене, батя, ылғи асықтыра бересің, — деп Блоха наразылық білдірді. — Соғыста асықтырғаның жөн. Енді тыныштық кезде асықтырмасаңшы.

— Молчать! — деді Бауыржан мұрты тікірейіп. — Мен болашақ ұрпақтың асықпауы үшін асығамын. Понятно тебе?

Ертеңінде белгіленген сағатта Бауыржан Қарағандының офицерлер үйіне келді. Атақты Момышұлын көру үшін қала офицерлері әйелдерімен, бала-шағаларымен жиналған екен. Блоха да сол жерден кездесті. Ине шаншар жер жоқ иін тірескен жұрттың алдында Бауыржанға сөз берілді. Сөз берілерден бұрын Момышұлының Ұлы Отан соғысының қаһарманы, бүкіл дүние жүзіне белгілі әдеби герой, атақты жазушы екені айтылды.

— Жолдастар, — деді Бауыржан орнынан тұрып, — дүние жүзіне аты жайылған атақты Момышұлы мен емес. — Жұрт демін ішіне тартып, сілтідей тына қалды. Осы кезде Бауыржан сөзін қайтадан жалғады, — Бірақ ол осында отыр. — Жұрт одан сайын аң-таң бола бастады. Осы кезде Бауыржан президиум үстелінің басында отырған өзгелерден бітімі бөлек балуан денелі адамды нұсқады. — Міне ол мына кісі. Осыдан 18 жыл бұрын бұл кісі мені ажалдан алып қалды. Мені ажалдан арашалап алып, жаңа айтылғанындай, бүкіл дүние жүзіне паш еткен адам бұрынғы пулеметшім Блохамен мен кеше ғана табыстым. Сіздердің алдарыңызда осы адамды құшақтап, үш рет бетінен сүюіме рұқсат етіңіздер.

Жұрт ду қол шапалақтап, орындарынан түрегелісті. Бауыржан мен Блоха екеуі сүйісіп болғанша алақан шартылы басылмады. Жұртты тыныштануға шақырып, Бауыржан қолын көтерді. Осы кезде Бауыржанның қасындағы жігіттердің бірі сахнаға шығып, гвардия полковнигі Момышұлының атынан деп гвардия жауынгері Блохаға бағалы сыйлық тапсырды.

— Ендігі сөзді гвардия жауынгері, бұрынғы пулеметші, қазіргі ұста Остап Тарасович Блохаға беремін, — деп Бауыржан орнына отырды.

Блоханың мінбеге шығуынан түсуі тез болды.

— Жолдастар! — деді ол даусы гүр ете қалып. — Бәріңізді батямен бірге біздің үйден дәм татуға шақырамын...

Кездесуден кейін Бауыржан Блоханың үйіне қонаққа барды. Ұстаның он баласымен, әйелімен танысты.

— Батя, есінде бар ма? — деді Блоха Бауыржан кетерде. — Санбатта дәрігер арқанды ұстараның жүзімен тіліп, әрең алған оқты маған беріп едің ғой. Мен соны ескерткіш үшін жоғалтпай сақтап жүрдім. Соғыстан кейін кездескенде өзіне сыйлармын деуші едім. Соғыстан қайтып келе жатқанда зат қапшығыммен бірге жоғалтып алдым. Қазір саған не сыйларымды білмей отырмын.

— Маған ештеңе сыйлаудың керегі жоқ, — деді Бауыржан. — Сен менің өз өмірімді өзіме сыйлаған кісісің. Одан артық ешқандай сыйлық болмайды.

— Сонда да, — деді Блоха шалбарының қалтасына қолын сұғып, — мына Волоколамск тас жолымен немістердің танктері бізге қарап қаптап келе жатқанда, оларды лайықты қарсы алар алдында менің темекі тұтатқан шақпағым еді. Осы үйдегі соғыстан қалған жалғыз белгі осы ғана. Олқысынбасаң осыны саған сыйлағым келеді.

— Бұл сыйлығыңды қабыл аламын, — деді Бауыржан винтовка гильзасынан жасалған шақпақты алып жатып. — Бұл баға жетпес ескерткіш...

Бауыржан 1942 жылы өзінің қалай ауыр жараланғанын айтып, жанындағы жолдасы Блоха есімін аузына алғанда, менің ойыма осы оқиға түскен еді.

— Ол жара арқаңыздың қай тұсында? — дедім ойымда бөтен ештеңе жоқ мен, батырлар жырында айтылатын: «Омыртқада он жара, қабырғада қырық жара» дейтін жолдар есіме түсіп.

Бауыржан маған алая бір қарады да, жонын беріп теріс айналып кетті. Үстіндегі кительді жауырынының астындағы көйлекпен қоса, жоғары қарай жұлқи тартып, тез көтерді де:

— Қара! — деп зекіді маған.

Мен оның етіндегі жараның орнын тексерейін деп ойлаған жоқ едім. Ол арқасын жалаңаштай бастағанда не істерімді білмей, бөгеліп қалдым.

— Қара деймін! — деді ол даусын одан сайын қатайта түсіп.

Мен амалсыздан оның қоңырқай тәніне көз салып, қолыммен арқасын сипалай бастадым.

— Мына біреу ме? — дедім сегізкөздің тұсындағы титтей тыртықты көріп.

— Жоғары сырсаңшы көйлекті, адам құсап, — деді Бауыржан дегбірсізденіп.

Қолым дірілдеп көйлегін жоғары көтерсем, расында да жауырынынан бір қарыстай төмен, қыр арқасында ақ тыртық бар екен.

— Міне, таптым, — дедім сол жерді тапқанымға қуанып.

Бауыржан көйлегін төмен түсіріп үн-түнсіз қайтадан бері бұрылды. Мен қызарып кеттім. Сол жарасы бар болғырдың қай жерінде екенінде не шаруам бар еді деп, аузымнан ол сұрақтың қалай шығып кеткеніне өкіндім. Енді оған ойланбай сұрақ қоймаспын дедім ішімнен.

Бірдеңені бүлдіріп алған баладай болып, мен үндемедім. Ол маған мұрты жыбырлап, тесіле қарап отырды да, мойнын ары қарай бұра түсіп, қайтадан сөйледі.

### III

— Екінші ауыр жараланғаным 1944 жылы, — деді ол сөзін қайтадан жалғап. — Комдив болып жүргенде құладым...

— Аттан ба?— деппін мен Бауыржанның жаңағыға шамданып өзімді қуып шықпағанына қуанып, әлгінде ғана енді оған ойланбай сұрақ қоймаспын деген іштей сертімді ұмытып. Деуін десем де, тағы да бірдеңені бүлдіріп алдым ба деп, қыбыжықтаңқырап қалдым.

— Жоқ, жаяу келе жатып, — деді Бауыржан менің бұл сұрағыма шамданбай. — Оңбай құладым және жаным шығып кете жаздады. Біразға дейін жығылған орнымда қозғала алмай қалдым. Есімді жиған соң орнымнан тұрсам, жерден шошайып шығып тұрған темір қазыққа тура құйымшағыммен құлаппын ғой. Содан кейін бірнеше күн атқа отыра алмай, шалқамнан жата алмай жүрдім. Бірақ соғыстың қызуымен тағы да госпитальға соқпастан кете бардым.

Бауыржан сәл бөгеліп, сөзін қайтадан жалғады.

— Мінеки, осының екеуі де жүйкеге тікелей байланысты аса ауыр жарақаттар еді. Оның үстіне мен 207 рет ұрысқа кіріп, 5 рет қоршауда қалған кісімін. Соғыстың әр секундын жүйкеге қадалған бір ине деп есептесек, сонда менің нерв жүйеме көзге көрінбейтін қаншама жарақат түсті десеңші! Жас кезде елеп-ескермей жүре бергенмен, соның бәрі тереңге көміп тастаған мина сияқты пәле екен ғой. Міне, алпысқа шығып, қуат кеми бастағанда сол оқтар сарт етіп шыға келді де, екі аяқтан ала кеп түсті. Мінеки, қарағым, біздің жай осылай.

Бауыржанның соңғы сөздері сәл мұңдылау болып шықты. Оның үстіне басқа адамдардың аузынан естігенде онша әсері бола бермейтін «қарағым» деген сөз Бауыржан айтқанда соншама жылы сияқты боп сезілді. Қатал адамның аузынан шыққан жылы сөздің жанға ерекше әсері бола ма екен деп ойлады ішімнен.

— Мен комдив кезімде тоқсан килограмм едім. Онда мына сояудай саусақтар айналасында әжептәуір еті бар, адам көруге тұрарлық болатын. — Ол маған ежірейе қарады. Ақырын байқасам, мұртының екі жақ ұшы жыбырлап кеткен екен. Бұл Баукеннің айдынданғандағы әдеті болу керек деп ойлады.

Мен тағы да басымды изедім.

— Қазір салмағыңыз қанша, Бауке?

— Қазір алпыстан әзер асатын болдық қой, — деп Бауыржан қолын бір-ақ сермеді.

Мен оның мұнша арығанын аяғандай болып, басымды шайқадым.

— Әй, мен мүсіркегенді ұнатпаймын, — деді ол жұлып алғандай. — Менің биыл ауруханадан неге шығып кеткенімді білесін бе өзің?

— Жоқ, Бауке, білмеймін.

— Білмесең тыңда. Ауруханаға түсе қалсаң-ақ әркімдер келіп: «Бауке, қалайсыз? Өң-өң-өң... Ө-ө-ө!» деп, — осы арада ол мойынын ішіне алып, әлде кімше бұқиып, әлде кімдердің даусын салды, — өтірік есіркегенсіп, мүләйімси қалады. Солардың мен өліп кетсем, қуанбаса, күйінбейтінін біліп тұрамын. Сөйте тұра олардың өтірік «Өң-өң-өң...» дегендерін жаным жек көреді. Осындай өтірік мүләйімсу, мүсіркеуді көрмеу үшін ауруханадан шықтым да кеттім.

Бауыржан сәл бөгеліп барып, сөзін қайтадан жалғады.

— Ауруханадан шығып, үйде біраз тыныққан соң елге жүріп кеттік. Елде інім бар еді, әкемнің інісі — Момынкұлдың баласы. Колхозда парторг екен.

Осылай ауылда екі ай жатып қайттық.

Осы кезде шай келді.

— Ал, өз халдарың қалай? Денсаулық, жақсы ма?

— Шүкір, Бауке.

— Маған не шаруамен келдің?

— Сіздің алпыс жылдығыңызға байланысты «Жұлдыз» журналының тапсырмасымен келдім.

— Сенің бойындағы ең жақсы қасиетің не? — деп сұрады ол менің сөзімді тыңдап болғаннан кейін.

— Жанымдағы адамның сөзін жалықпай тыңдау, Бауке.

— Жүр, онда ана бөлмеге барып сөйлесейік, — деді Бауыржан, бұған сенерін де, сенбесін де білмегендей маған тесірейе қарап.

Үндемеу үлкен тактика екенін мен осы арада ұқтым. Бауыржан маған ақыра бастаса, менің оған қарсы қолданар негізгі тактикам осы болуы керек деп қорыттым.

«Ана бөлме» дегені кухнямен іргелес, қораның ішкі жағына қарай шығатын балконы бар бөлме екен. Бөлменің сол жағында жиналмаған аласа ағаш төсек, оның қарсысында үсті қобыраған газетке толы дөңгелек журнал үстелі мен екі кресло тұр. Он жақ қабырғада жабулы тұрған есік бар. Кіре берістегі, балконға қарсы қабырғаға биік шкаф қойылыпты.

Бауыржан аяғын жерге тіреп, шалқалап төсекке жайғасты. Тайға мінген ересек кісінің тізесіндей болып, екі тізесі төсектен асып тұрды.

Журнал, газеттердің үстіне он шақты парақ ақ қағаз қойылған екен. Газеттерді жинап, түкпірдегі креслоға қойдым да, өзім екінші креслоға отырып, қалтамнан қойын дәптерімді суырдым. Оны суырғанмен көлемі шағын дәптерге көсіліп тез жазу қиын болатынын сездім де:

— Бауке, рұқсат болса, мынау қағазға жазсам ба екен? — дедім.

— Е, жазғын, саған әдейі қойылған қағаз ғой, — деді Бауыржан. Өйткені мен бұл үймен кеше телефон арқылы хабарласқанмын. — Ал «Жұлдыз» саған не жаз деп отыр?

— Оларға сіздің алпысқа толуыңызға орай бір нәрсе керек сияқты. Атап айтқанда жазушының мүшел мерекесіне байланысты жазылатын дәстүрлі мақала қажет көрінеді, — дедім мен. — Ондай мақала жазуға мен әдебиет зерттеушісі, сыншы емеспін. Ал сіздің творчествоңызды талдауға жай сыншы емес, әскер психологиясын білетін өзгеше сыншы керек. Сіз туралы очерк жазу да қиын. Өйткені сіздің ерліктеріңіз жайында Александр Бектің, Бауыржан Момышұлының кітаптарында толық баяндалған. Сол қалың кітаптар арқылы халықтың сүйікті кейіпкеріне айналған адам жайында он беттік очеркте мен не айта аламын, Бауке? Олар не айтсаң да сен айт, сен де соғыста болған адамсың ғой деп менің түп етегімнен ұстап отыр. Мен оларға өзімнің әскери, әдеби атағым сізден әлдеқайда кіші болғандықтан сізбен тілдеспей, сізден рұқсат алмай ештеңе жаза алмайтынымды айтып, өзіңіздің елден келуіңізді тостым. Міне, бүгін қалың оқушы қауымға сіз туралы не айтуға болады деп өзіңізбен ақылдасуға келдім,

Бауыржан біраз үнсіз отырды, дәлірек айтқанда төсекте үнсіз шалқалап жатты. Содан соң қаһар шақырғандай қабағын түйіп алды. Бірақ жауабын жай бастады.

— Мен туралы менен рұқсатсыз ештеңе жазбаймын дегенің дұрыс, — деп бастады сөзін. — Бірақ, қарағым, сен өкпелемегін; мен өзім туралы ешкімге мақала диктовать етпеймін! — Ол он шақты сөзін жұмсақтап жылы етіп бастағанымен, оған «қарағым» дегенді қосқанымен, соңғы сөздерін маған ежірейе қарап, қатуланып айтты. Мен бір ол кісіге әзіңіз туралы мақала жазып беріңіз, мен соған қол қояйын деп мәлиіп отырғандай, сол үшін мені түтіп жіберердей боп зығырданы қайнағаны білінді. Мен сізге өзіңіз туралы мақала жазып беріңіз деп келгенім жоқ десем: «Енді неге келдің» деп тап беретін сияқтанды. Мен жоғарыдағы «тактикама» сай, мойнымды салбыратып отыра бердім. — Екіншіден, — деді Бауыржан даусын одан сайын көтере түсіп, — мені мақтап жаз деп ешкімге де айтпаймын!

Баукең сабасына түссін деп біраз үнсіз отырдым да, содан соң барып басымды көтердім.

— Онда қалай болады? Менің не істеуім керек? — дедім мен әдейі абыржыған болып, Бауыржан не дер екен деп.

— Осы тойғаныңмен қайта бергін, қарағым.

Бауыржан сенімен сөз бітті дегендей, мойнын есік жаққа бұрып әкетті.

— Тойып қайтсам арманым не, тоймай тұрмын ғой, Бауке, — дедім мен күліп, — онда сізге біраз сұрақ қойсам қайтеді?

— А сұрағың болса, сұрағын, — деді ол енді мойнын бері бұрып маған тура қарап. — Оған жауап беруге болады.

«Сұрағың болса, сұрағын». Неге болмасын? Мен осы кездесуге дейін он күн бойына Момышұлының кітаптарын қайталап оқыдым. Ол жайында ел ішінде айтылатын ұшы қиыры жоқ аңыздардың өзім білетін бірсыпырасын есіме түсірдім. Ақиқат пен аңызды ұштастырған бұл адам жайында не жазамын, қалай жазамын деп толғандым. Ақыры Бауыржан туралы мақала да, очерк те жазудың қажеті жоқ одан оқушы қауымға қызықты бірнеше сұраққа жауап алып, әңгіме-интервью тәрізді нәрсе жазамын деген тоқтамға келгемін. Үш күн ойланып жүріп оған қоятын сұрақтарымды қағазға тізгенмін. Оны бірнеше адамға оқытып, Бауыржанға өздерің қандай сұрақтар қояр едіңдер деп, олардан және кеңес алғанмын.

Ішкі қалтамнан машинкаға басылған төрт бет қағазды алдым да, бүктеуін жазып, Бауыржанға қарадым.

— Бауке, мен сіздің «Біздің семья» деген кітабыңызды оқып шықтым. Бұрын оқи алған жоқ едім, таяуда оқыдым. Бұл кітабыңызды да қатты ұнатып, сүйсініп тауыстым. Онда сіз халқымыздың үлкенді сыйлау, ананы ардақтау сияқты асыл қасиеттерін көрсетіпсіз. — Бауыржан үндемеді. — Онда сіз, халқымыздың ар мен намыс үшін жандарын да аямайтындығын жазыпсыз. Онда сіз халқымыздың ауыз әдебиетінің адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелейтін жақсы үлгілерін бүкіл дүние жүзі әдебиетінің асыл мұраларымен теңестіре суреттепсіз, — Бауыржан басын көтеріп, журнал үстелінің шетіндегі «Қазақстан» сигаретінен біреуін алып, ұзын ақ мүштікке сұқты да, сіріңке шақты. — Онда сіз Аққұлы сияқты ат пірінің, Зейнеп сияқты асыл әйелдің, Садық Абланов сияқты адал жүрек большевиктің жан тебіренер жақсы бейнелерін жасапсыз. Мен, кітабыңызды оқи отырып, сіздің ауылдың адамдарын шетінен жақсы көрдім. Бауыржан есімді кішкентай ұлын орыс мектебіне оқуға жібергелі жатып: «Балам, орыс тілін үйренсең бар халықпен байланысты боласың. Онда сені ешкім — орыс та, қазақ та жәбірлей алмайды» дейтін Момыш атам қандай тамаша! — Басын қабырғаға тіреп, төсекте жартылай шалқалап жатқан Бауыржан, мүштігін бір езуіне қарай сырғытып апарды да, аузынан аспанда жарылған зенитканың оғындай бүрк еткізіп, темекінің түтінін шығарды.

Бауыржан ләм деген жоқ. Шығармасын лайықты бағалап жатқанда қай жазушы болмасын не бас изеп, не болмаса жымыып ризалық білдірмей қала алмаса керек еді. Әрине, біреу өзін мақтаған кезде ұстамдылық көрсету, дәл осындай болып үн-түнсіз қалу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Бұл еркі, рухы нағыз күшті адамдардың ғана қасиеті.

Әрине, мен Бауыржанның ол кітабын оны көңілдендіріп алайын деп өтірік мақтағаным жоқ. Ол менің шын жүректен шыққан, бүкпесіз көңілмен берген өз бағам еді. Және мен Бауыржанмен тіл табыса қалсам, онымен болатын бүгінгі әңгімеге осы кітаптан аттап түсуім қажет деп ойлаған болатынмын. Енді жайлап сол жоспарымды жүзеге асыруға кірістім.

— Бауке, сіздің «Біздің семья» кітабыңыз өзіңіздің алғаш рет орыс мектебіне оқуға баруыңызбен, шәкірт шағыңызбен аяқталады. Ал екінші кітабыңыз — «Москва үшін шайқас» Момышұлы батальонының 5 күн, 5 түн жүріп қоршауды жарып шығып, Волоколамск қаласын революциялық әнмен сілкіндіре өтіп бара жатқан кезімен



басталады. Осы екі аралықтағы сіздің өміріңіз қалың оқушы қауымға белгісіз ғой деп ойлаймын. Сіз маған шәкірт шағыңыздан комбат болғанға дейінгі өміріңізді, Бекке айтқандай етіп, баяндап берсеңіз. Мен содан очерк жазсам. Әңгімеңіздің ара-арасында мен сізге қысқа-қысқа сұрақтар және қойып отырсам деймін.

— Бұл сенің әдеби әдісің ғой тегі?

— Солай десе де болады, Бауке. Осыған келісесіз бе?

— Келісейін.

— Бекке айтқаныңыздай, өтірік айтсаң сол қолыңды, одан соң оң қолыңды шауып тастаймын демейсіз бе?

— Сен өтірік айтпағын, мен олай демейін.

— Құп, Бауке.

— Ал, тыңдағын онда.

#### IV

— Рас, ол кітап менің ең алғаш рет орыс мектебіне оқуға келгеніммен аяқталады, — деп бастады Бауыржан әңгімесін, — Ол менің он екіні — «дбанасат», он алтыны — «шешнасат», он тоғызды — «дебатнасат» деп жүрген кезім болатын. Гончаровтар семьясы маған жабыла көмектесіп, тілімді жұмсартты. Бірге оқып жүрген орыс балаларымен күн сайын жақындасып, достаса бердім.

Өстіп, Евгеньевқа селосында мен бір қыс оқыдым. Келесі жылы Жамбыл қаласына, ол кезде Әулиеата деп аталады, келіп Аса интернатына түстім. Онда үш жыл оқып, бастауыш мектепті тәмәмдадым.

Ол кезде орта мектеп деген атымен жоқ. Жетіжылдықтың өзі алғаш рет 1924 жылы Шымкентте ашылды. Оған төрт кластық білімі барларды алады екен. Бірақ ондай білімді шәкірттер аз. Сондықтан үшінші класс бітірген бізді соған алды да кетті. Келсек, біз сияқты балалар Шымкентке жан-жақтан жиналып қалыпты. Қызылордадан Әбділда Тәжібаев келіпті. Қазалыдан келген бірнеше бала бар. «Қазақстан коммунисті» журналының қазіргі редакторы Құрманбек Сағындықов бәріміз сонда бірге оқыдық. Біз оқыған тұңғыш жетіжылдық мектептің үйі Шымкентте әлі күнге дейін бар. Бүгінде ол Совет Одағының Батыры Қарсыбай Сыпатаев атындағы қазақ орта мектебі. Жетіжылдықты біз 1928 жылы бітіріп шықтық...

Автор. Осы арада бір жанама сұрақ қоюға рұқсат етіңіз, Бауке.

Бауыржан. Қойғын.

Мен тізіп алған сұрақтарымның біріншісіне көз қиығын салдым да, одан соң өзім жазу жазып отырған кішкентай үстелдің үсті мен Бауыржанның жан-жағын шапшаң шолып өттім. Оның айналасында бір пачка сигарет пен бір қорап сіріңкеден басқа қатты қару жоқ екеніне көзім жеткеннен кейін мырс етіп күліп жібере жаздадым. Бұл жерде есіме бір

журналистің бірінші сұрағына Бауыржанның қалай жауап бергені түскен еді. Болгариядан Алматыға келген Пенков деген журналист Момышұлына жолығып, одан интервью алмақ болады. Бірақ Момышұлы ол кезде Москвада жатса керек. Бауыржанның «Бухарест» мейманханасында жатқан адресін алып, журналист оны іздеп барады. Сонда журналист жаңағы мен сияқты қағазына қарап алып, алғашқы сұрағын қояды: «Сізді соғыста батыр болды дейді. Шыныңызды айтыңызшы: ешқашанда қорыққан жоқсыз ба?».

— Шынымды айтайын ба? — деді Бауыржан оған.

— Тек қана шыныңызды айтыңыз, — дейді журналист жымыып.

Бауыржанның үстелінің үстінде үлкен бір пышақ жатыр екен. Ол көзі аларып, мұрты тікірейіп, сол пышақты бас салады да, орнынан шапшаң атып тұрып, журналистке қарай құлаштап сермеп кеп қалады. Жаңа ғана күліп отырған журналистің түсі құп-қу боп кетіп, орындығымен шалқасынан құлап түсе жаздайды.

— Сіздің бірінші сұрағыңызға жауап бердім ғой деймін. — Бауыржан осылай деп журналистке бас иеді. Журналист апалақтап басын изейді. — Енді екінші сұрағыңызды қойыңыз, — деп қолындағы пышақты үстелдің шетіне лақтырып жіберіп, орнына отырады.

Бауыржанның бұл оқиғасын бізге сол сәтте оның қасында болған бір жазушы айтып келген еді. Сол ойқыма түсіп күліп жібере жаздаған мен тез ернімді жиып, Бауыржанға былай деп бірінші сұрағымды қойдым:

— Сіз бала күніңізде қандай кітаптарды қызыға оқыдыңыз, Бауке?

Бауыржан. Сен бұл сұрағыңды «бала күнінде және ересек кезінде» деп қойғын. Мен бәріне бір-ақ жауап берейін.

Автор. Солай болсын онда.

Бауыржан. Мен жас кезімде де, ересек күнімде де көп оқыдым. Осы күнге дейін кітаптан бас алмаймын. Құныға оқығандарым француз, орыс және испан классиктерінің кітаптары. Диккенсті түсінбедім, аяғына дейін оқи алмадым. Менің кітапты көп оқуыма негізгі себеп қызмет бабына байланысты үнемі жалғыз жүруім болды. Мәселен, мен бес жыл Қиыр Шығыста, Тайгада жүрдім. Күндізгі қызмет біткеннен кейін кешке үйде жалғыз қаласың. Осы жалғыздықты жою үшін әдебиетті көп оқуға машықтандым. Қазақ жазушыларының арғы-бергілерінің бәрін де оқыдым. Жә, енді мен саған жаңағы негізгі әңгімемнің желісін жалғастырайын.

1928 жылы Шымкентте жетіжылдық мектепті бітірдім дедім ғой. Осы күнгі КазПИ ол кезде Орынборда еді. Аздап оқудың дәмін татып алғаннан кейін енді соған түсіп оқығым келді. «Ойладың — орындадың» деген сөз бар емес пе орыста. Сол айтқандай, ойға алуым-ақ мұң екен, Орынборға тарттым да кеттім.

Орынбор деген жер суық болады екен. Жұқа киіммен барған мен дірдектеп, жанымды қоярға жер таба алмай жүрдім. Институттың директоры Тоқтыбаев деген қазақ екен. Бір күні бүрсендеп институтқа кіріп келе жатыр едім, сол кісі кездесе кетті де:

— Әй, қарағым, бері келші, — деп мені кабинетіне ертіп апарды. Тоқтыбаевтың үнемі маған көзі түсіп, күйсіз жайымды аңғарып жүреді екен. Ол бірден өз ұсынысын айтты. — Мына киіміңмен, шырағым, сен Орынборда оқи алмайсың, ауруға шалдығуың мүмкін. Адамға алдымен денсаулық керек. Мә, мына қағазды бухгалтерге апарып, ақша ал да, еліне қайт.

Мінеки, мен ВУЗ-дың есігін осылай жаптым.

Сонымен, сорайып Жуалыдағы ауылға қайтып келдім. Келе сала әкемнің 2 — 3 қойын сатқызып, кебіс кидім, пальто, малақай сатып алдым. Өстіп, шыт жаңа болып киіндім де, гүбірналық (ол кезде Жамбыл, Шымкент, Қызылорда үшеуі бір гүбірна болатын) оқу бөлімінің бастығы Әшіров деген кісіге келдім. Оған өзімнің жеті класс бітіргенімді, тұрмыс жағдайыма байланысты Орынбордан қайтып келгенімді айтып, қызмет сұрадым. Әшіров қуанып кетті.

— Сен сияқты білімі бар қазақ баласын іздеп таба алмай жүрміз ғой, шырағым-ау. Кәне, мен сені мұғалім етейін, — деп қолыма бір жапырақ қағаз жазып берді. Сөйтіп, екі жыл бастауыш мектепке мұғалім болдым.

Ол тұс ел басқару ісіне баулу үшін жергілікті ұлт адамдарын жоғары қызметтерге көтеріп жатқан шақ еді. Біздің Бурныйда да икемі бар қазақтарды жоғарылата бастады. Бір жақсысы олардың орынбасарлары мамандар, орыстар болатын. Білімі аз басшыға істің мән-жайын солар үйретіп отыратын. Сол тұста бір күні менің де жоғарылап шыға келгенім бар емес пе. Ол былай болды.

Ол кезде райкомда да екі-ақ адам: секретарь мен есепші, райисполкомда да екі-ақ адам: председатель мен жауапты секретарь жұмыс істейтін. Райкомымыздың секретары Кабаков деген кісі де, райисполком председателі Дүйсенғали Бурабаев деген семинария бітірген бұрынғы мұғалім еді. Аудандық атқару комитетінің жауапты секретары Губанов деген адам орнынан түсіп қалды да, райком мен райисполком оның орнына кандидатура таба алмай састы. Бурабаев өзі бұрын мұғалім болған соң ба, кім білсін, әйтеуір, маған тоқтаса керек. Сонымен мені, ай-шайға қаратпастан, аудандық атқару комитетінің жауапты секретары етіп тағайындап кеп жіберді.

Жауапты секретарьдың жұмысынан еш хабарым жоқ. Әйтеуір, оңаша кабинетім бар. Қалқиып сонда отырамын. Оңаша отырғаннан кейін менің не істеп, не тындыратынымды ешкім біліп жатқан жоқ. Сырт жұрт осы бірдеңе бітіріп отыр деп ойлайтын шығар. Ал ештеңені де ұқсата алмағаным өзіме аян. Бурабаев маған ана мәселе, мына мәселе жөнінде аудандық атқару комитетінің қаулысын, шешімін шығар, ана жерге қатынас жаз, мына жерге жарлық жібер дейді. Мен олардың қалай жазылатынын да білмеймін. Бірденелерді нобайлап, осылай болар деп тұспалдап, Бурабаевқа алып барамын. Бурабаев ұстамды педагог еді. Менің жазғандарымды алдына алып отырып, маған ұрыспастан, ренжіместен, ерінбей соларды бірі қызыл, бірі көк түсті қарындашпен түзететін де отыратын. Мен Бурабаев қып-қызыл ала етіп берген документтерді қайта көшірумен күн өткізетінмін. Содан кейін әр документтің соңына аудандық атқару комитетінің председателі Бурабаев деп ол қол қояды, жауапты секретары Момышұлы деп мен қол қоямын. Ал шындығына келгенде, аудандық атқару комитетінің председателі де, секретары да Бурабаев еді. Не керек, ақыры Бурабаев мені үйретіп шығарды. Сөйтіп, мен үш жыл аудандық атқару комитетінің секретары болдым.

Мен сол Бурабаевты күні бүгінге дейін ұмытпаймын. Менің орысша сауатты болуыма, іс қағаздарын дұрыс жазуыма сол кісі көмектесті. Жалғыз іс қағазы емес, менің газет, кітап оқып өсуіме де сол кісі жетекшілік жасады. Оқитын кітаптардың тізімін беріп, не оқығанымды тексеріп, газеттерден не оқып, не қойғанымды үнемі қадағалап, өзімді ысылдырып адам етті.

Автор. Сіз сол кездерде кім болсам деп арман еттіңіз?

Бауыржан. Мен ол кездерде тек қана қатарымнан қалмауды ғана ойладым.

Автор. Әскерде, соғыста қандай кітаптар оқыдыңыз? Қандай жағдайда, қалай оқыдыңыз?

Бауыржан. ...Толстойдың «Соғыс және бейбітшілігі» мен «Севастополь әңгімелерін», Пушкин мен Лермонтовтың әскери прозасын, адмирал Нахимовтың, адмирал Макаровтың, ағылшын адмиралы Нельсонның кітаптарын, қазақ кітаптары мен Абайды ешқашан да жанымнан тастаған емеспін. Мен Абайды ақын деп қана емес, ойшыл, философқа балап оқыдым. Барлап қараған және әскери көзбен қараған кісіге Абайдың өзі қып-қызыл соғыс. Рас айтамын. Мәселен, оның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңін алшы, жатқан соғыс емес пе?

Автор. Сіздің көзіңізбен қарағанда солай шығар, Бауке?

Бауыржан (алая қарап алып, сөзін ары қарай жалғады). Москва түбінде тұрғанда Қазақстаннан алдырып, Шоқан Уәлиханов шығармаларының ертеде шыққан басылымын оқыдым. Ал «Абай» романының бірінші кітабы менің қолыма соғыста жүргенде тиді. Өз қолымен автограф жазып оны Мұқанның өзі жіберді. Мен оны оқып шығып, Мұқаңа арабша 6 бет хат жаздым. Мұқаң менің кітапқа берген бағама разы болып, 3 бет жауап жолдады. Содан соң Сәбит автограф жазып «Жұмбақ жалауын» жіберді. Мен оны сонау Қиыр Шығыста жүргенде оқыған едім. Бұл білетін адамдардың жібергендері. Ал мен мүлде білмейтін адамдардан және 2 кітап алдым. Олар Омар Һайямның өлеңдер жинағы мен Сағдидің «Бустан» атты кітабы. Екі кітапты жіберген де Москва әйелдері екен. Олар мен жайында журналдан оқып, қолдарына түскен бұл кітаптарды маған сыйлық ретінде жолдапты. Олардың біреуі былай деп хат жазыпты: «Сіздің Москваны қорғаудағы ерлігіңізге сүйсініп және Сізді өз үйіміздің ең жақын жанашыры деп есептеп, қолыма бүгін ғана түскен осы кітапты Сіз оқысын деп жолдап отырмын». Екеуін де оқыдым. «Бустан» кітабы әлі күнге дейін бар. Омар Һайям кітабын жоғалттым.

Автор. Екеуі де әйел дейсіз бе?

Бауыржан. Иә, әйел деген ең сезімтал халық қой. Бұл менің әскерде, соғыста қандай кітаптар оқығаным жайында. Ал енді қалай оқыдың дейсің ғой? Уставта «Командирдің ойы» деген тарау бар. Оның мәні командирдің алған бұйрығын саналы түрде жүзеге асыруы үшін оның ойланып, толғануына уақыт беру деген мағынаға саяды. Мен қатал болғаныммен ұшқалақ командир болғаным жоқ. Бұл мақтан емес. Мен үлкен командирдің өзінен кіші командирлерді, соңынан қалмай қайта-қайта өкшелей бергенін ұнатпаймын. Бұйрығыңды бер. Оның ойлануына уақыт қалдыр. Орындалғанын уақытында тексер. Менің қағидам осы. Солдаттар мен командирлер арасында 3-4 сағат болып, тиісті бұйрығымды бергеннен кейін мен жертөлеге қайтамын. Келемін де жазбаларымды жазамын. Аяқталмаған кітаптарымды оқып бітіремін. Ал мен еш кітапты сызып, белгі

салып, оқыған кісі емеспін. Олай ету адамның ойын бөледі. Ол кезде мен стильге назар аудармайтынмын. Оқырман ретінде ғана оқитынмын. Онда оқығанымның бәрі тасқа түскен бедердей болып, ойымда ұмытылмай сақталып қалатын. Уставтың кез келген статьясын, кез келген қолбасшының нақыл сөздерін жатқа соға беретінмін. Бұл сұрағың бітті ме? Енді ары қарай кетейік.

## V

— Иә, райисполкомда үш жыл секретарь болдым. Бурабаев маған ұстаздық етті дедім ғой. Содан кейін Жуалыға тағы да екі аудан қосылып, аудан үлкейді де, енді райисполкомға председатель болып Таран Бердібаев деген кісі келді. Ал аудандық партия комитетінің секретары болып Ефимов деген жолдас тағайындалды (кейініректе Хабаровск өлкелік партия комитетінің секретары болатын осы Ефимов). Мен жаңа председателім Бердібаевқа жақпадым. Өзі сауатты кісі еді. Мен бірдеңені қате істесем, ол үйретудің орнына тыржиятын болды. Үйретуге үйреніп қалған басым, мен де тырсия қалып жүрдім. Ақыры ол мені секретарьлықтан босатуға айналды. Сол кезде мені Ефимов шақыртты. Соның алдында ғана аудандық милиция бастығы орнынан түскен еді. Ефимов маған соның орнын ұсынды.

— Бұл менің қолымнан келе ме? — дедім оған.

— Келеді. Сенің қолыңнан одан басқа да талай жұмыс келеді әлі, — деп күлді Ефимов. Тегі ол Бердібаев екеуіміздің шәлкем-шалыс келе беретінімізді естіген болуы керек. — Сен жассың, жігерің бар, әлде жоқ па жігерің?

— Бар, — дедім мен.

— Мен соны біліп айтып отырмын ғой, — деді Ефимов әзілдеп. — Тек жігерің ғана емес, сенің айдының, айбының да бар. Даусың да гүрілдек... — Ол сақылдап күліп алды, күлкісінің өзімен адамды еліктіріп әкететін кісі еді. Сонсоң арқамнан қақты, — Сен шамданып қалма, әзілді түсінесің ғой өзін?

— Түсінемін, — дедім расында да шамдана бастаған мен.

— Ал әзілді түсіне білу қазіргі милиция бастықтары үшін ең керекті қасиет. Осы қызметке бар, жолын болсын. Ал Бердібаев өзінің қалаған адамын хатшы етіп алсын.

Осыдан кейін Ефимов милиция бастығының орынбасарларын шақыртты. Олар менен үлкен адамдар екен. Ефимов соларға тапсырма берді.

— Бала демей, бағыныңдар. Көмектесіңдер, — деді.

Сөйтіп, мен алты ай милиция бастығы болдым. Сүзекпен ауырып, ол қызметтен өзімнен өзім түсіп қалдым. Одан бұрын бастық болған кездегі бір хикаямды айтып берейін.

Сол кезде Сырдария губернасында Емельянов деген аса маңызды істер жөніндегі тергеуші бар еді. Ол өзі бір өте білімді юрист болатын. Аудандық милицияға мен бастық болғаннан кейін, бір күні Жуалыға сол кісі келіп қалды. Мен бұрын ол кісіні көрмегенмін.

Қаперімде түк жоқ, кабинетімде отыр едім, бір тәпелтек кісі кіріп келді. Сәлемдескеннен кейін бас-аяғыма қарап алды да:

— Шырағым, милиция бастығы қайда екен? — деп сұрады.

Тегі менің түріме қарап, бастық шығып кеткенде соның орнына келіп отырған жас милиционерлердің бірі шығар деп ойдан болуы керек.

— Мен, — дедім орнымнан тұрып.

Ол кісі маған документін көрсетті. Сөйтсем Емельяновым осы кісі екен. Бастық болғанымның өзіне 5 — 6 ғана күн болған. Не бар, не жоқты білмейтінмін.

— Ендеше барып түрмені көрейік, — деді ол.

Келдік. Көрдік. Адам деген бықып жатыр. Емельянов әркімдермен сөйлесіп, не үшін жатырсын деп сұрайды. Олар білмейді. Қораға шықтық. Қорада 69 ат байлаулы тұр.

— Бұлар кімдікі?

— Түрмедегі қазақтардікі.

— Аттарын неге қайтармайсыңдар? — дейді Емельянов,

Оны да ешкім білмейді. Емельянов мені ертіп, қайтадан кабинетке келді. Содан кейін сабырмен кодексті алып көрсетті де, түсіндіре бастады.

— Түрмеде 250 адам жатыр, — деді ол. — Осының көбіне қамауға берілген санкция жоқ. Заңсыздық, совет заңын бұрмалаушылық деген осы болады. Адамды қылмысы болса түрмеге қамауға болар. Бірақ олардың аттарын түрмеге қамауды қайдан тапқансыздар? Меніңше милиционерлеріңіз өзіне жақпаған адамдардың бәрін айдап әкеп түрмеге қамай берген. Ал протоколсыз бір адамды түрме босағасын аттатуға қақыларыңыз жоқ. Әрине, бұл сіздің кінәңіз болмас, сіз жаңадан ғана тағайындалған екенсіз. Енді осы адамдардың қаншасына протокол жасалған екен? Соларды тексертіп, осында алдырыңызшы.

Мен аппаратымды шақырып, Емельяновтың тапсырмасын айттым. Жұрттың бәрі Емельяновтан қорқып зыр жүгірді. Тексерсек 50 адамға протокол жасалыпты.

— Протоколсыз жатқан адамдардың бәрін де қазір өзіңіз барып, түрмеден босаттырыңыз, — деді Емельянов маған. — Ертеңге дейін мен мына протоколдарды қарап шығайын.

Мен барып екі жүз адамды бірден түрмеден босаттырдым. Қазақтар өздерінің босағандарына сенер-сенбестерін білмей, маған қайта-қайта жалтақтап қарай береді.

— Қарағым, сен келмесең, біздің босанатын түріміз жоқ еді, — деп маған рахметті үсті-үстіне жаудырып жатыр. Аттарының жанына жетіп, жалына қолы тиісімен ырғып мініп, «Осы пәлелерден шынымен құтылдық па, жоқ па?» дегендей, арттарына жалт-жалт қарасып, дала қойнына сүңгіп, ызғытып кетіп жатыр, кетіп жатыр. «Ей, момын халқым, — деймін мен олардың соңдарынан қарап тұрып, — «Сен келмесең, біздің босанатын түріміз

жоқ еді» деп, сендер маған разы болып барасындар. Іштеріндегі көзі ашық деген менің өзім сендердің ақ, қараларыңды айыра алмай, қанша күн босқа қамауда ұстадым. Егер Емельянов келмесе өздеріңнің әлі қанша күн жатарларыңды білмей, мені босқа мақтап барасындар-ау».

Ертеңінде Емельянов протокол заңсыз жасалған деп, тағы да жиырма адамды босаттырды. Содан соң ол жиналыс өткізіп, бізге социалистік заңдылық туралы лекция оқыды. Совет азаматтарынан заңсыз бір адамды түрмеге отырғызған адам өзі түрмеге қамалады деді. Бәріміздің зәреміз ұшты. Әпербақан милиционерлер моп-момақан болып қалды. Осыдан кейін қылдай қиянат көрсем, қылыштай қырқып отыруға бекіндім. Әртүрлі кодекстерді оқып, оның әр статьясына зер сала бастадым.

Автор. Сізді біреулер теріс азу, тентек атағысы келген бе, осы қалай өзі, Бауке?

Бауыржан (ойланып, мұртын тістеледі. Қабағын түйіп, басын көтерді). Мен 25 жыл әскерде болдым. Біле білген кісіге бұл үлкен университет. Ең алдымен мен коммунистпін. Осы 25 жылдың ішінде мен талай қолбасшымен кездестім, сабақ алдым, талай генералдың қол астында қызмет істедім, тәрбие көрдім, Талай ұлттың өкілдеріне командир болдым, тәрбиеледім. Өйткені командир деген әскери педагог қой. Осы әр ұлт адамдарымен істес болғанымды өзіме ерекше бір мектеп деп бағалаймын. Себебі, чуваш мынадай екен-ау, қырғыз мынадай болады екен-ау деп ойланасың. Ана халық анадай дәстүрін қастерлейді, мына халық мынаны құрметтейді екен-ау деп толғанасың. Мен осы 25 жыл ішінде қарамағымда болған үстеріне шинель киген солдаттар арқылы Совет Одағының барлық халықтарының жанын ұқтым деп ойлаймын. Өйткені олардың жүректері — іштерінен шыққан балалары — менің алақанымда болды. Отан үшін өз басымды өлімге байлай отырып, мен оларды ажалмен алысуға жұмсадым. Олардың өлмеуі үшін, өз ұрпақтарын, өз халықтарының намысын, оның өздері сүйетін асыл қасиеттерін аман сақтап қалу үшін жұмсадым. Өзім де жаным арымның садағасы, халқым үшін қасықтай қаным пида деп, жанып тұрған отқа талай түстім. Мен соғыс кезінде «Красная звезда» газетіне былай жазғанмын: «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз, оңбаған адам» дегенмін. Сол сөзімді әлі де қайталаймын. Өйткені, Энгельс айтқандай, өз елінің бағасын білген адам ғана басқа елді қадірлей алады. Өйткені халықтардың туыстығы алдымен адамдардың өз халқына сүйіспеншілігі арқылы ғана келеді. Мен өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын. Мен нацизмның туын көтерген фашизмге қарсы жан аямай күрескен кісімін. Мен Гитлердің нацист армиясына қарсы қол бастаған адамдардың бірімін. Мен фашистерді жан-тәніммен жек көріп соғыстым. Мен Советтік Отанымды жан-тәніммен жақсы көріп соғыстым. Осы екеуін де, жауға деген өшпенділік пен Отанға деген сүйіспеншілікті айтамын, мен қол астымдағы әр жауынгердің, әр командирдің жүрегіне ектім! Білегіне емес? (Көйлегінің оң жақ жеңін түріп жіберіп, бала күнінде білегіне еккен шешектен қалған екі дақ көрсетті). Міне, мынау емес, бұл — дәрігерлердің жұмысы. Ал мен олардың жүрегіне ектім. Бағана да айттым: мен нацистерге қарсы 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған жанмын. Ендеше, мен қалай теріс азу тентек боламын?! Дауысымның қаттырақ шығып кеткеніне кешірім еткін сен. Ол кезде менің Қазақстанға хат жазып, халық ақындарының айтысын ұйымдастыру керек, бұл халықтың рухын көтереді дегенім кейбір жеке адамдарға ұнамаған болар. Кейбір ұлттық киімдеріміздің үлгісін сақтау, үлкенді құрметтеу, ананы ардақтау, ағаны қадірлеу сияқты жақсы дәстүрлерімізді жандандыра беру жайындағы пікірім жақпаған шығар. Менің мұным көп халықты мемлекетіміздің түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіне, салт-санасына өзіміздің ұлттық үлесімізді қосайық деген игі тілек еді ғой. Мен кеше, қырық төртінші жылы осыны айтып едім ғой.

Бауыржан осыны айтты да, ақ мүштікке сигарет сұғып, темекісін тұтатты. Мен оның айтқанына ілесе алмай, бұқиып қағазымды жазып жаттым. Мені қозғағысы келмеді-ау деймін, ол темекісін аузына тістеген күйі, ұзын екі қолын төсекке тіреп, жайлап көтеріліп, есіктен шығып кетті.

Оның соңғы сөздерін жазып болған соң, менің есіме сол жылдары сонау соғыста жүргенде естіген кейбір әңгімелерім түсті. Бұл өзі бір жағынан қазақтың «ұзын құлағының» соғыс сияқты қиын кезеңде де, жердің алыстығына қарамастан, өз қызметін адал атқарғандығының айғағы іспетті де. Сол ұзын құлақтың окопқа әкелген хабарының бір тарауында Бауыржанның Алматыға барғаны, қонақта болған үйлерінде парасатты сөздер айтқаны баяндалатын. Мәселен, Бауыржан бір кісінің үйінде болған екен дейтін ұзын құлақ. Сонда Бауыржанға бір тарелканың үстіне бір тарелканы қойып, оның үстіне бір тарелканы орналастырып, соған кішкентай ғана ас салып ұсынған екен дейді. Бауыржан сонда бос тарелкаларды бірінен соң бірін сырғытып тастап, алдына ас салынған кішкентай тарелканы ғана қалдырып: «Осы үйдің тамағынан табағы көп пе деймін» деген екен әзілдеп.

Сағатыма қарасам тура бір жарым болған екен. Осы кезде кухня жақтан Бауыржанның мені шақырған даусы естілді: — Әй, қарағым, ауқатқа келгін, шаршадың ғой, — деді ол. Бұл сәтте Бауыржан маған қатал командир ролінен қамқор әке роліне ауысқан сияқты боп сезілді.

## VI

Түскі астың алдында қол шаятын жер іздей жүріп, Бауыржанның бөлмелеріне көз жүгірттім. Пәтердің Фурманов көшесі жақ бөлігінде кең үлкен бөлме бар екен. Сервант, телевизор сонда тұр. Ас ішетін бөлмелері осы болар деп жорамалдадым. Оның ар жағында тағы бір бөлменің есігі көрінеді. Ол жатын бөлме болуға тиіс деп ойлады. Сонда бұл пәтер негізінен төрт бөлмелі сияқты.

Осы арада Бауыржанның бұл үйді қалай алғандығы жайында жұрт аузында жүрген мына әңгіме ойыма түсті.

Бауыржан бұрын Дзержинский көшесінде, шағындау пәтерде тұрса керек. Қалалық советтен кеңірек пәтер сұрайды. Бір күні оған қалалық советтің қызметкері телефон соғып, сіздің өтінішіңіз орындалды, келіп кең пәтердің ордерін алыңыз дейді. Бауыржан барып бес бөлмелі пәтердің ордерін алады.

Пәтерімді көрейін деп жаңа үйге барса, есік алдында мұңайып тұрған қартаң орыс әйеліне кездеседі.

— Неге мұңайып тұрсыз, шешей? — дейді ойында ештеңе жоқ. Бауыржан әйелдің қасына тоқтап.

Әйел қалалық советтің осыдан екі бөлмелі пәтер бермек боп уәде етіп келгенін, бірақ дәл ордер берерде ол уәделерінен тайып қалғандығын айтады.

— Маған деген үйді бір үш бөлмелік пәтермен біріктіріп, бір полковникке беріпті. Қайтейін, менің де балам соғыста өліп еді. Әрине, ол солдат еді, — дейді.



Мұны естігенде Бауыржанның барлық түгі сыртына теуіп шыға келеді. Жирен мұрты едірейіп, электр сымның біріне бірін жақындатқан екі ұшындай болып, шытыр-шытыр ете қалады.

— Мұңаймаңыз, шеше, қазір ордер беретін жерге барыңыз — пәтеріңіз өзіңізге тиеді, — дейді де Бауыржан мініп келген машинасына отырып алып, қайтадан қалалық советке тартады.

— Мен маған біреуге берілген пәтерлерді бер деген жоқпын, — дейді ол бағана қолына ордер ұстатқан қызметкерге келіп. — Мына ордерді жыртыңыз да, пәтерді бұрын уәде етілген адамдарға беріңіз!

Осылай деп ол қолындағы ордерді қайтарып береді. Қалалық совет қызметкері қалбалақтап:

— Ол адамдарға пәтер кейінірек беруге ұйғарылған еді. Сіз сұраған соң сол екеуін қосып, сізге қамқорлық жасайық деген едік...

— Молчать! — дейді Бауыржан көзі ежірейіп, мұрты одан сайын тікірейе түсіп. — Маған мұндай қамқорлықтың керегі жоқ. Жиырма минуттан кейін маған телефон соғып, бұл пәтердің бұрынғы иелеріне берілгендігін хабарлаңыз. Понятно ма?!

— Түсінікті, түсінікті, жолдас Момышұлы. Тек сіздің берген пәтерден неге бас тартып тұрғаныңыз түсініксіз.

— Ол солдаттың анасы ғой! Солдаттың анасы деген сөздің мағынасын түсінесіз бе? Солдаттың анасы — Россияның анасы! Енді ұғынықты ма сізге?

Қызметкер басын изейді. Расында да ол бірсыпыра уақыттан кейін Бауыржанның үйіне телефон соғып, жаңа пәтердің бұрынғы иелеріне ордер жазылып бергенін хабарлайды.

— Ордер алғанда олардың қуанышында шек болған жоқ, — дейді қызметкер. — Әсіресе қарт ана қатты қуанды. Сіздің Бауыржан Момышұлы екеніңізді білгенде және Сіздің «Солдаттың анасы — Россияның анасы» деген сөзіңізді айтқанымда ол жылап жіберді. «Кітаптарын оқығанда Момышұлы дәл сондай азамат шығар деп ойлаушы едім, қателеспеген екенмін» деді.

— Хабарыңызға рақмет, — деп Бауыржан трубканы іліп қояды.

Содан бірсыпыра уақыт өткеннен кейін Бауыржанға Фурманов көшесінен басқа пәтер берілген екен.

Ел аузындағы әңгімелердің бір нұсқасы осындай болатын. Баукеңнің сол пәтері осы екен ғой деп ойладым ішімнен. Осыған жалғаса Баукеңнің ананы ардақтауы жайындағы екінші бір аңыз-әңгіме және есіме түсті. Бұл оқиғаны маған 1957 жылы Москвада, Қоғамдық ғылымдар академиясында оқыған жігіттердің бірі айтып еді. Сол жылы июннің бас кезінде Москвада татар әдебиеті мен өнерінің онкүндігі өткен. Оны Одақтар үйінің колонна залында Сурков ашқан. Татар әдебиеті мен мәдениетінің қайраткерлері тегіс президиумге жайғасады. Күміс көмей, жез таңдай ділмар Сурков оларды астанаға

келуімен құттықтап кіріспе сөз сөйлейді. Сөйтіп ол енді баяндамашыға сөз бере берген кезде залдан:

— Алексей Александрович! — деп саңқ еткен үн естіледі.

Жұрт тосын үнге елең ете қалады. Залдың алдыңғы жағынан иығында погоны бар, офицер формасындағы сұңғақ бойлы, қоңырқай жүзді адам орнынан тұрады. Бүкіл зал офицерге назар аударады.

— Әмина ханум қайда, Алексей Александрович? — дейді офицер жайлап, таза орыс тілінде, — Президиум үстелінің басынан мен ол кісіні көре алмай тұрмын.

Залдағылардың көпшілігі Москваның татарлары болса керек. Офицер Әмина атын атағанда олар гу ете түседі. Басқалар Әминаның кім екенін білмейді, татар мәдениеті өкілдерінің бірі болар деп ойлайды. Оны жоқтап тұрған мына офицер де татар шығар дейді іштерінен. Майталман Сурков офицерге қарап үнсіз бас изейді де, сәл ойланып алып, қайтадан зымырата жөнеледі.

— Әмина ханум бойына біткен кішіпейілдікті сақтап президиум үстелінің басына келмей қалған болар, — дейді ол жан-жағына қарап, президиумның арт жағына да көз жіберіп. — Біздің асыл досымыз, Совет Одағының Батыры Мұса Жалил де өзінің сүйікті жары Әмина ханумды дәл осы кішіпейілділігі үшін де құрметтеген болар. Бірақ Ұлы Отан соғысының қаһарманы, даңқты гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы Батырдың жарын осы жиналыстың президиумынан көруді орынды ескертті, рақмет, Бауыржан. — Ол залдағы ұсыныс айтқан офицер отырған жаққа басын иеді. — Біз бұл ұсынысты шын ықыласпен қостап, Әмина ханумның президиумға келуін өтінеміз.

Сол кезде зал шатырлата қол соғады. Шапалақ даусы қабырғаны жарып кете жаздайды. Мұса Жалилдің жары президиумге барып орналасқанша қол соғу тоқтамайды. Бағанадан бері Әмина ханум дегеннің де, оны президиумге шақырған офицердің де кім екенін білмей ақтарылып отырған жұрт орындарынан тұрып: «Мұса Жалил — Бауыржан Момышұлы!» «Мұса Жалил — Бауыржан Момышұлы!» деп қосыла дауыстап, бір ырғақпен қол соғып тұрып алады.

Біз анадай үлкен жиналыста жарып шығып, оның үстіне суырыла сөйлегенде аузымен құс тістейтін атақты шешен Алексей Сурковты тоқтатып қойып, Баукеңнің солдаттың жарын президиумге шығарған ерлігіне ерекше сүйсініп қайттық, — деген еді маған бұл әңгімені айтқан жігіт. — Баукең туралы жазылғанның бәрінің де шындық екеніне сонда анық көзіміз жетті. Оның өлген солдатты ардақтап, Әминаны той төріне шығаруы бүкіл жұрттық жүрегін тебіrentті. Академия мен партия мектебінде оқып жүрген қазақтар үзіліс кезінде жиналып барып Баукеңнің қолын алдық...

Қолымды шайып, кухняға жеткенше мен бұл екі оқиғаны ерекше разылықпен есіме түсіріп өттім.

Түскі асқа қойдың төсін қатық қылған күріш көже іштік. Менің тәрелкеме төстің сүріншек деп аталатын басы түскен екен. Бірақ мен оны жақсылап мүжіп, кеміре алмадым. Өйткені Бауыржан ас үстінде әңгіме айтып отырды. Маған қомағайланып ас жегеннен де, құнығып әңгіме тыңдау артық еді.

— Кеше осы жерде, — деп, Бауыржан мен отырған орындықты нұсқады, — Гофман отырды. Ол бұрын біздің 316-атқыштар дивизиясының штаб бастығы болған кісі. Артынан жоғарылап, корпустың штаб бастығына дейін көтерілген. Кейін ол өзін дұрыс ұстамай, совет офицеріне лайықсыз мінез көрсеткені үшін орнынан түскен еді. Сол себепті оның аты біздің кітаптарымызға енбеген. Қазір Ялтада тұрады екен, 6 бөлмелі үйім, бау-бақшам бар деп бөсіп отырды. Сол келіп, Алматы мені алақанына алып қарсы алмады деп өзінен-өзі маған өкпе соқты.

— Бектің кітабында да мен жоқпын, сенің кітабыңда да менің атым жоқ, сендер мені неге жазбайсыңдар осы?

Мен оған жайлап жауап бердім.

— Константин Николаевич, сіздің де ерлігіңізді жазатын бір жазушы туар әлі. Атақты «Война и мирдің» 1812 жылғы отан соғысы біткеннен кейін неше жылдан соң жарыққа шыққанын білесіз бе?

— Білмеймін, білгім де келмейді, — деп бақырды ол. — Барлық документ менің қолымнан өткен. Міне, оның бәрі мына жерде, басымда, — деп ол маңдайын түрткіледі.— Сендер жазбасаңдар, өзім жазамын.

— Сіздің басыңыздағы «документтер» ресми мәлімет ақпарлар ғана ғой, — дедім мен, — Кітап жазу үшін қағазға түскен хабарлар және оның сіздің басыңызда қалғаны жеткіліксіз мағлұматтар. Оның үстіне солдаттардың жанын, жүрегін білуіңіз керек. Кітап үшін ең қажетті мәліметтер осы. Мұндай мәліметтеріңіз мол болса, сіз жазасыз, әрине, — дедім сабырлы түрде.

## VII

Осы кезде Бауыржанның оң жағындағы орындықта отырған кішкентай қыз талпына ұмтылып, оның қолындағы шанышқысын алды.

— Бұл немере ме, Бауке? — деп сұрадым.

— Қызымның қызы, — деді Бауыржан.

— Жиен ғой, — деді әйелі.

— Қызы не, ұлы не — баланың бәрі-бір, — деді Бауыржан кішкентай қызды басынан сипап. — Аты Анар. Атасын сондай жақсы көреді өзі.

Осы арада өз басым бір рет Бауыржанның жан жомарттығының куәсі болғаны есіме түсті.

...Театрдың ішінде ине шаншар бос жер жоқ. Қаланың қазақ қауымы тайлы-таяғына дейін қалмастан тегіс келгенге ұқсайды. Отыратын орын тимегендер қабырғаны жағалай табандарынан тік тұр. Жұрт демін ішіне тартып, сахна жаққа құлақ салып, сілтідей тынып қалған.

Сахнада ақындар айтысып жатыр. Әсіресе Қызылорда облысынан келген ақын қыз бен Шымкент облысынан шыққан жігіттің айтысына қалың жұрт қатты назар аударып, тырс етпестен тыңдап отыр. Халықтың қыз ақынға ерекше ден қойып, ілтифат білдіргеніне екі түрлі себеп бар еді. Біріншіден, басына үкілі тақия, үстіне қос етек көйлек киіп, қарсы алдындағы ақын жігітпен табан тіреп қазақша айтысып отырған Надежда Лушниковна есімді орыс қызы болатын. Екіншіден, ол қазақтың аса бір мұңды әніне салып, мұңды бір оқиғаның жібін тарқатып отырды. Ол өзі осы атырапта жаңада ғана болған жай еді. Шымкент пединститутына оқуға түскен өрімдей жас, өзгеше сұлу қызды осы жердің бір ояр жігіті оқуды тастап маған әйел болмайсың деп жазғырыпты. Осы жайды Надя өлең тілімен баяндап, осындай Қодар жігіт, Бекежан бозбалалар осы заманда тек қана сенің аулында кездесіп отыр. Жігіттеріңді неге жөндеп тәрбиелемейсіңдер деп Надя қарсысындағы Шымкент ақынына қинала кінә таққанда бүкіл зал дүр сілкініп, қол соғып, гулеп кеткен.

Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облысы ақындарының айтысы аяқталғаннан кейін сол арада, сол қалың қауымның алдында жюридің қорытындысы шығарылып, ақындарға жүлде берілді. Біреулер кілем алып, біреулер шапан киді. Төреші Надежда Лушникованың атын атап, оған еректең «Маяк» деген қол сағатын ұсынды.

Осы кезде залдың алдыңғы қатарында отырған әлде кімнің қаһарлы үні саңқ ете түсті.

— Жоқ Надя алмайды бұл сағатты!..

Ұзын бойлы, әскери киімді қара сұр адам орнынан тұрып, іле сөйлеп кетті.

— Менің ана тілімде асыл сөздер ақтарып, жұрттың жүрегін тербеген мынау шүйкедей сары қыз! — деді ол жұртқа Лушникованы нұсқап. Зал демін ішіне тартып, тына қалды. — Сенің тіліңді біліп, жай сөзіңді сөйлей беретін орыс, неміс, өзбек, чечен, қырғыз толып жатыр, — деді ол енді төрешіге қадалып. — Бірақ сенің өнер тіліңді өз тілінен артық, білетін осы Надядан басқа кімді көрдің, айтшы, кәне? Кешегі Мариям Жәгерқызының жөні бір басқа. Дәл бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде бұл бұндай сайраған осынау кішкентай қызға берілуі тиіс!..

Бұл осы айтысқа қатысу үшін Алматыдан арнайы Шымкентке келген бір топ ақын, жазушының бірі Бауыржан Момышұлы болатын. Ол Надяға төреші ұсынған «Маяк» сағатын алдырмады.

Сыйлық үлесіліп болғаннан кейін Бауыржан әйелі Кәмәш екеуі Надя Лушникованы орталарына алып, ювелир магазиніне барды. Магазиннен таңдап жүріп «Лира» маркалы алтын сағатты сатып алды да, Бауыржан зергерге апарып, оның қақпағына мынадай сөздер жаздырды: «Надя, шеберлігің үшін. Момышұлы 25. 02. 1964 ж.» Сағатты Лушникованың қолына тағып жатып, Бауыржан тебірене тұрып тіл қатты:

— Мұны саған Бауыржанның бергені деме, адал жүрек, асыл өнерің үшін саған қазақ халқының сыйлағаны деп біл, игілігіңе тақ, қарағым...

Ас ішіліп болғаннан кейін мен орнымнан тұрдым. Бауыржан темекі тартуға кірісті.

— Бауке, мен ана бөлмеге барып, отыра тұрайын.

— Иә, дұрыс, — деді ол.

Біраздан кейін Кәмәш келіп, Бауыржанның төсегіне отырды. Тегі Баукең оны да қуып шыққан-ау деп ойладым ішімнен. Горькийдің жазушының әйелі жайында айтқан бір сөзін еріксіз есіме алдым. «Егер әйел өзін өзі кемтар еткісі келмесе, онда жазушыны сүймеуі, оған ерге шықпауы керек» деген еді ол бір әңгімесінде. Одан кейін сол Горькийдің әйел туралы айтқан мына бір сөзі тағы да ойыма оралды: «Дүниеде әйелден берік, әйелден айқын еш нәрсе жоқ, ендеше еркектің одан өзге сүйенері және жоқ». Мына Кәмәш та Баукеңнің жасы еңкейген шағында серіктесіп, оның сүйеніш тірегі болып отыр. «Көктемдей құбылмалы мінезі бар» Бауыржандай адамның қыбын тауып қиямет ету оңай іс емес-ау. Оған қаншама күш, қайрат, сезімталдық керек десеңші. Берік десе берік, мықты десе мықтысың-ау, әйел заты, деп ойладым ішімнен. Бауыржан кухнядан шығып, менің қасыма келді. Екеуіміз тағы да оңаша қалып, түске дейінгі әңгімемізді қайтадан жалғастырдық.

— Сонымен әлі милиция бастығымын ғой?

— Иә, милиция бастығысыз. Ауданға Емельянов келіп, содан бірсыпыра істің жайына қандыңыз.

— Рас, Емельяновтың ауданға бір келіп-кеткені маған кішігірім бір мектептей болды. Сонымен жұмысымды ептеп игеріп, қаз-қаз басып, қалтақ-құлтақ жүре бастағандай шаққа жеттім.

Бір күні ауданымызға Өлкелік партия комитетінің өкілі болып, жабдықтау халық комиссары Нығмет Сырғабеков деген кісі келді. Ол кісі аудан аралайды екен. Ефимов пен Бердібаев мені соның қасына қосып берді. Сырғабеков ақылды, байсалды, барынша көшелі адам екен. Тек қана «қалқам, шырағым» деп сөйлейді. Жол-жөнекей менің барлық жайымды сұрап, істе жіберген кемшіліктеріме талдау жасап, ағалық ақыл, кеңесін ақтарыла айтып, жөнге келетін, жобаға жанасатын істеріме қатты қуаныш білдіріп, жанымды жасытпай, жігерлендіріп ынталандырып отырды. Оның алдында Емельяновтың келуі ауылда совет, жұмысын жүргізудің бірінші басқыш мектебіндей болса, Сырғабековтың келуі екінші басқыш мектептің білімін бере бастағандай еді. Бірақ мен ол мектептің оқуын тауыса алмай, орта жолда мұрттай ұштым. Бір жығылғанда қатарынан екі рет құладым. Ол былай болды.

Үшінші күні кешке қарай Сырғабеков екеуіміз Бурныйға келдік те, менің досым Кононенконың үйіне түстік. Келсек, Кононенконың кішкентай қызы қатты ауырып жатыр екен. Мына менің түрім түксіп тұрғанымен, аса балажан адаммын. Бұл менің кішкентай күннен бойыма сіңген дағдым. Сол дағдыммен қолды-аяққа тұрмай шырқырап жатқан баланың маңдайынан сипап, бір кішкентай көтеріп жүріп едім. Сөйтсем ол бала сүзекпен ауырып жатыр екен. Ертеңінде басқа ауылдарға тағы да жүріп кеттік. Таңертең бойым ауырлап тұрған сияқты болды. Жолда өн-бойым қызып, қалшылдай бастадым. Қасымдағы Сырғабековке:

— Ағай, мен ауырдым, — деуге ғана шамам келді. Содан соң не болғанымды білмеймін.

Сырғабеков мені дереу аудан орталығына жеткізіп, ауруханаға жатқыздырады. Сол жатқаннан мен ауруханада екі ай жаттым. Ал милицияға бастық керек. Мен ауруханада

жатқанда бұрынғы взвод командирі Мұқатай Егенбаев деген жігіт милиция бастығы болып тағайындалады.

Бауыржан сигаретін мүштікке сұғып, темекі тұтатуға кірісті. Мен қағазыма қарадым. Даярлап әкелген сұрақтарымның ішінде: «Сіз балалардың басынан сипап, маңдайынан иіскейсіз бе?» деп басталып, Бауыржанның балалық шағына байланысты қойылатын екі-үш сұрақ бар еді. Өйткені мен Бауыржан сияқты адамдар ешқашан баланың бетінен сүймейтін қатал келетін шығар деп ойлағанмын. Ал оның кішкентай жиені Анарды алақанына салып мәпелеп отырғанын көргеннен кейін және өзінің жас баланы жақсы көретіндігінен сүзек ауруын жұқтырып алғанын естігеннен соң ол сұрағымның мүлде мәнсіз, орынсыз екенін ұқтым. Сондықтан оны тастап кетіп, балалық шағына байланысты өзге сұрақтарымды қоюға ұйғардым.

## ЕКІНШІ ДИАЛОГ

### I

Автор. Жана сіз бала күнімнен балажан едім дегенде тіліме бір-екі сұрақ келіп еді, Бауке. Соны сұрауға рұқсат етіңіз.

Бауыржан. Сұрағын. Рұқсат.

Автор. Балдырған кезіңізде қандай үй жануарларын жақсы көрдіңіз?

Бауыржан. Қозы мен құлынды жақсы көрдім. Бір кішкентай қара бұйра қозыны түнде қасыма алып жататыным әлі күнге дейін есімде. (Ақ мүштікті қаттырақ тістеп сорды да, аузынан бұрқ еткізіп түтін шығарды. Сәл ойланып, сөзін жалғады). Соған байланысты бір әңгіме айтып берейін. Жаңағы қара қозы екеуіміздің достығымыз сондай күшті болды. Басқа балалардың соңынан күшік еріп жүрсе, менің артымнан қара қозы қалмайтын. Мен оған даладан балауса, балғын шөп теріп әкеліп, өз қолыммен жегізетінмін. Оны өзенге ертіп апарып, өзім көтеріп тұрып, өзеннің тізеден асатын тұнық жерінен су ішкізетінмін.

Күзге қарай қара қозым қазық аяқ марка болды. Бірде күні бойы балалармен Жуалы тауының бөктерінде тынбастан асыр салып ойнап, кешке қарай ауылға қайттық. Тау бұлағының бойынан қара қозыма деп жұлып алған бір қолтық көк шөбім бар еді. Соны қос қолдап ұстап, төбеме көтере: «Пұшай! Пұшай!» деп жүгіріп, өзіміздің үйдің қасына келдім. Келсем көкем бір марқаның аяғын буып тастап, енді бауыздағалы жатыр екен. Қарасам менің қара қозым.

— Көке, бауыздама! — деп мен шар ете түстім.

Менің «Біздің семья» деген орысша кітабымда айтылатын әкем Момыштың інісі Момынкұлды мен осылай «көке» деп атайтын едім. Көкем шапшаң кісі болатын.

— Жоқ қарағым, қонақ келіп қалды, — деп қолындағы пышағымен қара қозыны тамағынан орып кеп жіберді...

Маған бар дүние қып-қызыл болып кеткендей көрінді. Сол жерде жата қалып, жер тепкілеп жыладым. «Қара қозымды тірілтіп беріңдер!» деп бақырдым. Бірақ мен қанша бақырғанмен қара қозы тірілмеді. Жанымдай жақсы көретін әжемнің де уатқанына

көнбедім. Әжемнің құшағында өкіріп, өксіп жатып ұйықтап кетіппін. Бір кезде көкем мені жұлқылап оятып жатыр.

— Бауыржан, тұр, тұр, ет же, — дейді.

Оянып, кезімді ашсам жұрттың бәрі буы бұрқыраған бір табақ етті орталарына алып, қауғаңдап жеп жатыр. Қонаққа көзім түсіп кетіп еді, ол тіпті ұрты бұлтыңдап, шеңгелдеп асап отыр екен.

— Бұл ненің еті? — дедім көкем алдыма қойған бүйрек пен кішкентай құлақ, сираққа көзім түсіп.

— Қара қозыңның еті, Бауыржан. Өзің жеп көрші: сондай тәтті, сондай жұмсақ...

— Қара қозымның етін жемеймін!—деп мен тағы да ойбайлап жылап, шалқамнан түстім.

Сол күннен бастап мен ет жемейтін болып кеттім. Ес біліп, ер жеткен күнімнің өзінде де етке зауқым соқпады. Кейініректе, әскери кухнялар мен асханаларда, әсіресе ашыққан сәттерімде тарелкама түскен қуырылған еттен ептеп жейтін болдым. Бірақ күні бүгінге дейін уысымды салып, ұртымды толтырып ет асап көрген емеспін.

Сол сияқты менің сары май жемейтінім де бар. Ол да бала күнімнен бері келе жатқан әдетім. Енді соның себебін айтайын.

Мен жасымда айтқанымды орындамай, орындатпай қоймайтын тентек болсам керек. (Ол күлді). Жоғарыда айтылған қара қозыны тірілттіре алмағаным болмаса. Тағы да бір ойыннан қайтып, үйге келсем, әжем жаңа ғана қаймақ шайқап болып, түскен майды сығып, табаққа салып жатыр екен.

— Әже, май бер, — дедім қарным ашып келген мен.

— Тұра тұр, қалқам, — деді әжем. — Алдымен майды қылшықтап, тұздайын. Содан соң оны жейсің бе, алақаныңа салып жалайсың ба, өз еркің.

— Жоқ, маған қазір бер, — деп қиғылықты салдым.

— Мә, ендеше, — деді әжем қатуланып, май салған ағаш табақты маған қарай итере салып. Сонсоң өзі үйден шығып кетті.

Тұздалмаған, қылшығы алынбаған майды шеңгелдеп тұрып ал кеп жейін. Содан не керек, кешке қарай ыстығым көтеріліп, лақ-лақ құсып, ауырмасым бар ма. Сонымен, жаңағы майдың кесірінен бір апта ауырып, үйден шыға алмай жаттым. Қолды-аяқты балаға бір апта үйден шыға алмай жатудың қандай азап екенін мен айтпасам да балдырғандардың өздері біледі оны. Міне, осыдан кейін енді май көрсем жүрегім айнитын болды. Әже тілін алмаған бала осындай, өмір бойы май жей алмайтын болып кетеді екен. Ал, сары май адамға ең қажетті астың бірі ғой. Мұны мен балалар әрқашанда әжелерінің тілін алып жүрсін, менің қатем оларға ғибрат болсын деп айтып жатырмын.

Автор. Ал, тәттіден нені жақсы көрдіңіз?

Бауыржан. Ешқандай тәттіге құмар болғаным жоқ. Күні бүгінге дейін жылына аузыма бір жүзім салсам салатын шығармын. Ал жылына бір алма жеймін бе, жемеймін бе, білмеймін.

Автор. Сонда сіздің негізгі керегіңіз не?

Бауыржан. Ет пен сары майдан басқанын бәрін талғамастан іше беремін.

Автор. Қазір елде сіздің құрметіңізге қойылған Бауыржан есімді балалар көп. Соларға қандай тілек айтар едіңіз?

(Мен бұл сұраққа Бауыржан: Олардың бәрі бірдей батыр болмай-ақ қойсын, бірақ тегіс патриот болсын деп, бір-ақ ауызбен жауап беретін болар деп ойлағанмын).

Бауыржан. Маған білеміз деген бір жігіттер Қазақстанда он үш мыңдай Бауыржан бар екен деп хабарлады. Мен әзілдеп оларға: менің атым орыстың Иваны сияқты болып бара жатыр екен ғой дедім. Бұл әзілім, әрине. Ал, мен ол цифрдың анық-қанығын білмеймін. Білетінім: мен қазіргі Бауыржандардың ішінде бірінші номерлі Бауыржанмын. Мен міне алпысқа келдім. Мені сыйлап, қадірлеп, сәбилеріне менің атымды қойған ата-аналарға, олардың туған-туысқандарына шын ниетпен алғыс айтамын. Ал Бауыржандарға айтарым: Азамат болып өсіңдер, қарақтарым! Қатарыңнан кем болмаңдар. Бірің болмаса бірің менен асып кетсеңдер, оған ешқандай дауым жоқ. Барлық Бауыржанға, барлық балдырғандарға ақ ниетпен ақ батамды беремін!

## II

— Сонымен, екі айдан кейін жазылдыңыз ғой, Бауке?

— Иә, жазылып, ауруханадан шықтым. Аралбаев деген жолдасым бар еді. Соның үйінде пәтерде жататынмын. Аралбаев мен ауырып жатқанда ауданда болған барлық жаңалықты айтып берді. Ең үлкен жаңалық аудандық партия комитетіне екінші секретарьдың штаты беріліпті де, сол орынға Бағов деген адам сайланыпты. Енді кадр мәселесімен екінші секретарь шұғылданатын болса керек.

Ертеңінде танысып, сәлемдесу және қызмет мәселесін шешу үшін аяндап отырып, екінші секретарьға бардым. Барсам, екі беті шарық табақтай, екі көзі бақырайған, бұғағы салбыраған, үстелге құрбақадай болып тарбиып, жабысып қалған бір қазақ екен. Сәлем беріп, жөн-жосығымды айттым. Көзі шарасынан шыға сызданып, жауап бермеді. Паң екенін де, надан екенін де айырмадым. Ол уақыт кадрға тапшы кез еді ғой. Нобайы келген соң жіберіле салған жандардың бірі болу керек. Отырып-отырып Бағов:

— Жүре беріңіз, көрерміз, — деген сөзді әрең айтты. Наразылау болып, жаңа бастықтың кабинетінен шықтым.

Содан соң жолдас-жоралар қызмет істейтін басқа мекемелерге бас сұқтым. Олар менің болашақ қызметім жайын сөз етсе отырып:

— Жаңа қатшыға бардың ба?—деп сұрасты.

— Бардым, — дедім.



— Қандай екен? — десті кейбіреулері.

— Үстел басына отырғызып қойған құрбақа сияқты екен! — дедім мен.

Сонымен күліп-күліп тарасқанбыз.

Түн ортасында есік тарсылдады. Одан соң терезе қағылды. Шырт ұйқыда жатқан үй іші төсектен басымызды жұлып-жұлып алдық. Жолдасым жүгіріп барып есік ашты. Үйге менің бұрынғы екі орынбасарым сау етіп кіріп келді. Түстері суық. Шам жаққызып, алдымен үйдің ішін тінтті. Менің қағаздарымның арасын ақтарып-төңкерістірді.

— Сендерге не керек? — деймін орынбасарларыма.

Оларда үн жоқ.

— Өздеріңді кім жіберді?

Тағы да үн жоқ. Үйдің ішін тінтіп болып, мені киіндірді де, өзімнің екі орынбасарым бұрынғы бастығын алдарына салып, айдап кеп жөнелді.

Мен аң-таңмын. Бұлар мені қайда апарады? Бүйткендері несі? Әлде осылар әзілдеп жүрген жоқ па деп те ойлаймын, әзілдейтін түрлері көрінбейді. Олар мені бірден абақтыға қарай бұрды. Мен ыза болып кеттім.

— Жоқ мен онда бармаймын, — дедім булығып. — Алдымен мені қамау үшін жасаған протоколдарыңды көрсетіңдер, қылмысым не екенін айтыңдар.

Бұл баяғы өзіме Емельянов үйреткен өнеге еді. Жақсы ұстаздың сабағы жадында қалады ғой, шіркін! Оның пайдасын өз басыма кәріпшілік түскенде көрдім. Протоколды айтқаннан кейін орынбасарларым тайсақтай бастады. Мені абақтыға апара алмады. Милиция бөліміне алып келіп, бастықтың кабинетіне қамады. Сөйтіп, кешегі өз кабинетім бүгін өзіме абақты болды. Таң атқанша сонда тұтқын боп түнеп шықтым.

Таңертең менің орныма милиция бастығы болған Есенбаев кабинетіне келді. Алдында сорайып мен тұрдым.

— Өй, сені жын соқты ма? — деді Мұқатай Есенбаев маған дүрсе қоя беріп.

— Мені емес, сендерді соққан шығар деп тұрмын, — дедім мен қыңырланып.

— Бағовты құрбақа деп атап сені жын соқты ма деймін? — деді милиция бастығы басын шайқап.

— Оны кім айтты?

— Кім айтқанын неғыласың, түнде Бағов бір үйде қонақта болыпты. Сонда отырып біреу оған сізді Бауыржан құрбақа деп атады деп жеткізіпті. Бағов бұлқан-талқан болып, маған телефон соқты. Сені дереу қамауды талап етті. Бердібаев та соны айтты. Сонсоң мен саған бұрынғы орынбасарларыңды жібергенмін Бауыржанға айтыңдар деп.

— Олар мені осында әкеп қамады.

— Тегі оларға да телефон соққан ғой Бердібаев. Содан соң сасқан болар жігіттер. Ал енді бар соларға.

— Кімге?

— Бердібаевқа.

— Сендер мені қамадыңдар ғой, өздерің айдап барыңдар оған.

— Мен қамаған жоқпын, — дейді Есенбаев баж-бұж етіп.

— Жоқ, қамадыңдар. Милиционеріңмен айдатып жібер, — деп сіресіп мен отырып алдым.

Есенбаев сыртқа шығып кетті де, сәлден соң бір милиционерді ертіп қайта кірді. Оған:

— Жолдас Момышұлын аудандық атқару комитетіне айдап бар, — деп бұйырды.

— Енді барамын, — деп мен милиционердің алдына түстім. Шірене басып келе жатырмын. Әр нәрсені ойлап, ыза болып та келемін. Бағовты көрсем түтіп жіберетіндеймін. Аудандық атқару комитетінің үйіне тақағаннан кейін: «Ауаткомның жауапты секретары кезімде бұл үйге өз еркіммен кіруші едім. Енді бұған да айдалып кіретін болдым ғой» деп мырс етіп, артыма қарасам, милиционерім жоқ. Сөйтсем Есенбаев оған біраз жер артынан ілесіп бар да, содан кейін қашып кет деп тапсырыпты. Милиционер мені өз бетіммен қаңғытып қоя беріп, бір үйдің бұрышына келгенде жасырынып қалыпты.

Автор. Сіз он алты жасыңыздан бастап өлең жазыпсыз ғой. Алғашында ақын болсам деп талап қылған жоқсыз ба?

Бауыржан. Ешуақытта пәлен болайын, түген болайын деп ойламаған едім. Қайда, қандай қызметте жүрсем де жүректегі ұраным қазақтың: «Ерді намыс өлтіреді, қоянды камыс өлтіреді» деген мақалы болды. Ел намысы ер намысы деп білдім. Арманым халқымның намысына дақ түсірмеу болды. Ақындыққа, шенге, атаққа ешқашан да қызыққан емеспін. Олардың өздері келді... Генерал болсам, маршал болсам, герой болсам деген емеспін. (Осы арада менің есіме Суворовтың: «Маршал болды арман етпеген солдат — жаман солдат» деген нақылы тусті де, «Сонда сіздің жаман солдат болғаныңыз ба?» деген әзіл сұрау көмейіме келді. Бірақ, біріншіден, шамына тиіп алып жүрермін, екіншіден, сөзді көбейтпейін дедім де, үндемедім). Осы атағым да жетеді.

Автор. Соғыста күнделік жазып жүрдіңіз бе? Оны қалай жаздыңыз?

Бауыржан. Соғыста жазған 37 дәптер күнделігім бар. Оларды қар жапалақтап, жаңбыр құйып тұрғанда, окопта отырып, жорықта кетіп бара жатып жаздым. Бес рет қоршауда болатынымды айттым ғой. Сонда тізем дірілдеп, қолым қалтырап отырып, өз сезімдерімді, жолдастарымның жай-күйін қағазға түсіре бердім. Ең алғаш күнделік жазуыма мынадай жай себеп болды. Бірінші рет қоршаудан шыққаннан кейін батальонды быт-шыт етіп тарата бастады. Қандай жағдайда, қай көршінің табансыздығынан батальон қоршауда

қалды — онда ешкімнің шаруасы болмады. Соған ерегесіп, бұдан кейін мен барлық жағдайды күнделік дәптеріме түсіріп отыратын болдым. Әрине, онда мен жазушы болармын, жазғандарымның соған септігі тиер, деп ойлағаным жоқ. Осындай үш-төрт дәптер жазғаннан күнделік толтыру маған дағды болып кетті. Ол менің әскери қызметімнің міндетті бір бөлігіне айналды. Толтырған әр дәптерім ең бір ет жақыным іспетті бола бастады. Сондай үш дәптерім жоғалғанда туысқан үш бауырымнан айрылғандай күй кешкенім бар.

1962 жылы генерал Панфилов жайында арнаулы кітап жазбақ болып, архивтерді араладым. Осы ниетімді айтып Подольскідегі әскери архивтің бастығы генерал-майор Дударевке кірдім. Ол менімен танысып-біліскеннен кейін:

— Полковник жолдас, мен сізге бір қызық көрсетейін, — деді.

Содан соң кетіп қалды да, бір уақытта үш дәптерді қолтықтап қайтып келді. Мінеки, мына дәптерлермен танысыңыз.

Қолыма алып ашып кеп жіберсем, тәңір-ау, менің өз дәптерлерім. Мен олардың әрқайсысымен жылап көріскендей болдым. Өйтетін жөнім бар еді.

Төртінші рет қоршаудан шыққанымда мен көршілеріме әбден қаным қайнап, қатты наразы болып келген едім. Біздің қоршауда қалуымызға себепкер болған бөлімшелерді дәптеріме схемасын салып көрсетіп, олардың бастықтарын сыбап тұрып жазғандарым болатын. Шехтманның да, Филимоновтың да әдірістеріне бірсыпыра ащы сөздер арнағанмын. Келгеннен кейін барлық жағдайдың дәлелін ашып, полк комиссары Логвиненкоға дәптерлерімді көрсеттім. Логвиненко менің жазбаларыма зер салғысы келді ме, әйтеуір, кейін өзіне қайтарып беремін деп үш дәптерімді сұрап алып кетті. Сол түнде немістер полк штабына шабуыл жасап, менің комиссардағы үш дәптерім жаулардың қолына түседі. Міне бұл менің сол дәптерлерім. Кейіннен немістердің архив біздің қолға түседі де, оның ішінен менің жоғалып кеткен жанағы дәптерлерім шығады. Күнделіктердің пайдасымен бірге, осындай жоғалып кете жаздаған кездері де болған...

Осы жерде ақын Ғафу Қайырбековтың Момышұлына арнаған өлеңі есіме түсті. Өлеңнің бас жағында ол Бауыржанның тостағандай көзінен ұшқындаған оттардың бірін жыр етуді арман етіп, одан әрі былай деп толғайды:

Сол оттың сәулесінде бұлаң қағып,

Кешегі өтіп жатса жылдар ағып,

Көрінсе қоршаудағы батальон,

Көк түтін төбесінде шудаланып.

Ыс басқан, күйе құсқан әрбір солдат,

Найзалар түнді тесіп өтсе самғап,

Саңқ етіп бір мезетте оқтай бұйрық,

Көрінсе іле-шала сонда комбат!..

О, сонда, бар маңайды жаңғыртып қап,

Генерал берсе әмір,

Сап тұйықтап.

Комбаттың баданадай қос көзінен Риза боп сүйіп тұрса Панфилов қарт!

Міне сол бар арманым от сұраған, Алатын одан артық жоқ сыбағам. Халықтың қасиетін шын көтерген Жүзге де жүлде бермей, жетсін ағам!

— Сонымен, сізді айдап келе жатқан милиционер қашып кетіпті дейсіз бе?

— Иә, қашып кетіпті. Ары қараймын, бері қараймын, ұшты-күйді жоқ. Жер жұтып кетті ме мұны деп, аңырайып біраз тұрдым да, ақыры Бердібаевтың кабинетіне жалғыз кіруге мәжбүр болдым.

— Отыр, бала, — деді Бердібаев қабағын шытып. — Сен өзің еш жерге сыймайтын бір қырсық жігіт екенсің.

— Неге олай дейсіз? — деймін мен сызданып.

— Менімен істесе алмасаң, Бағовты құрбақа деп атасаң — Солай демегенде не деуім керек?

— Өзі ұқсап тұрса мен оны құрбақа демей, құдай деуім керек пе?

Бердібаев қабағын шытты да, ол сөзді одан әрі жалғастырмады.

— Шырағым, сен енді ол сөзді қой. Кеше Бағовқа қызмет жайында барған екенсің ғой. Ақылдасып, саған лайықты қызмет таптық. Біздің райполеводсоюзға бастық боп барасың.

— Ағай бармаймын.

— Себебі?

— Себебі шаруашылықты білмеймін.

— Енді сені қайда жібереміз?

— Қолымнан келетін іс беріңіз. Мұғалім етіңіз.

— Қазір мұғалімдік орын жоқ қой саған.

— Болмаса болғанынша тосамын. Оған дейін ауылыма барып жата тұрамын.

— Әй, бала, қой, қиқарланба.

— Жоқ, ағай, қоймаймын. Бұдан былай сіздің қарамағыңызда қызмет істемеймін.

— Е, бағанадан бері соныңды айтсаңшы одан да, — деп Бердібаев дереу қабырғадағы телефонның құлағын бұрап жіберіп, Бағовпен сөйлесті.

— Момышұлы менде тұр. Жіберген жұмыстан бас тартады. Сендердің қарамақтарыңда жұмыс істемеймін дейді. — Содан кейін аржағындағы адамның сөзін тыңдады. — Иә, солай етуіміз керек, — деп басын қайта-қайта изеп, трубканы ілді.

Мен оның «жіберген жұмыстан бас тартады, сендердің қарамақтарыңда жұмыс істемеймін» деп айтады деп, қолма-қол менің сөзімді бұрып жеткізгеніне ыза боп тұрмын. «Неге бас тартамын? Оны неге айтпайды? Сендердің емес, тек сіздің қарамағыңызда дедім ғой. Оны неге бұрмалайды? Көріп, қасында тұрмаған айдаладағы біреуге, шыбындаған аттай болып, бас изеуін өзінің» деп оған зығырданым қайнады.

— Істемейсің ғой?

— Шаруашылықты білмегендіктен райполеводсоюзға бармаймын. Сіздің қарамағыңызда қызмет істемеймін.

Ендеше, өз обалың өзіңе, балақай. Үш күн тос. Үш күннен кейін ауылыңа қайтуыңа болады. Және жұрдай боп қайтатын боласың.

— Ол не сөзіңіз?

— Комсомолдан да, кәсіподақтан да шығасың. Жаңа біз осылай келістік.

— Қолынан келмейтін жұмысты істемеді десеңіздер, шығарыңыздар.

Ертеңінде комсомолдан да, кәсіподақтан да шығарылдым. Екі билеттен бірдей айрылдым. Үшінші күні аудандық газетте: «Кетсін комсомолдан!» деген бірінің астына бірі екі мақала басылды. Екеуі де маған арналды. Сөйтіп, абыройдан жұрдай болып, ауылға қайттым, қарағым.

### III

Бауыржан «Қазақстан» сигаретінің пачкасына қолын созды. Ол темекі тартпақ боп жатқанда мен Бауыржанның жақсы ұстазды жадынан шығармайтындығын, жаман бастығын жамсата баяндайтындығын ойлап отырдым. Ұстазын ұмытқан оңбайды деген қағидаға берік Бауыржанның Панфиловты өмір бойы ұмытпай келе жатқанына таң қалдым. Кейбіреулер басшысына, дос, жолдасына тірісінде жалбақтап жүргенімен, көзі жұмылысымен көңілінен шығарып қоя береді. Өлгеннің өнегелі ісін ғибрат етіп отыру орнына, оның атын да ауыздарына алмайды. Ал өліні қадірлемеген, тіріні құрметтемейді. Бауыржан бұл қағиданы жақсы біледі. Жақсы білгендіктен де ол Панфиловтың 70 жасқа толу қарсаңында шарқ ұрып, архивтерді ақтарып жүріп мәлімет жинап, қадірлі генералдың асыл адамгершілігін көрсеткен тамаша кітап жазды.

— Сөйтіп, «басқа пәле тілден» деген қазақ мақалының шын мәнісін мен ең алғаш рет сонда ұққан болсам керек. Жай тентектігімнен бе, әлде болашақта жазушы болатындығымнан ба, кім білсін, мен сол жас кезімнің өзінде-ақ айналамдағы адамдарға

теңеу тапқыш, оларды әр нәрсеге ұқсатқыш едім. Қатар құрбыма мен қойған ат жеңге жұққан майлы бояудай болып, жабысатын да қалатын.

Ауылға келсем: «Бауыржан орнынан түсіп қалыпты. Комсомолдан шығарып жіберіпті» деген хабарды естіп, әкем біржола шөгіп қалған екен. Үміт күткен көзінің нұрындай жалғыз баласының жайы мұндай болған соң әке байғұс әлсіремегенде қайтсын. Әкенің аянышты халін көрген соң менен де қауқар кете бастады. Оның жүдеу жүзіне қарап, ашудың ащы іркітін сіміріп, үйде жата бергенмен жан семірмейтін болды. Мұңымды тыңдап, мінімді түзететін Ефимов болса ауданнан жырақта, демалыста жатыр. Шырт-шырт үзілген шыдам шіркіннен ол келгенше бір тұтам да қалатын емес. Ойлап-ойлап келгенде ауданға ана жолы келген Сырғабеков ағай есіме түсті де, сол кісіге барып, бар мұңымды айтуға бел байладым. Бар дүниесін балама деп жинайтын әкелер мейірімінде шек бар ма? Жәкем (мен кімді осылай деп атаушы едім) тағы екі қойын сатып, қаражат етіп қалтама салып берді.

Алматыға келсем, әр жақтан келген жастардың оқуға түсіп жатқан кезі екен. Шаруамды реттеп алып, оқуға түсіп кетсем жақсы болар еді деген ойға келдім. Осы оймен Сырғабеков ағайдың кеңсесіне кірдім.

Нығмет ағай мені қуана қарсы алды. Әбден сауығып, жазылып, ба деп сұрады. Үй-ішімнің, ел-жұрттың амандығын білгеннен кейін:

— Ал қалқам, шаруанды айта бер, — деді.

— Екі түрлі шаруамен келдім, ағай, — деп алдымен өзімді комсомолдан неге шығарғандарын айтып, билетімді қайтып алуға көмектесуді өтіндім. Одан соң оқуға түскім келетінін білдірдім. Сырғабеков менің сөзімді ыждағатпен тыңдап алды да, маған бір ғана сұрақ қойды, жалғыз ғана ескертпе жасады. Сол ескертпе өмір бойы есімде сақталып қалды.

— Анау адамды неге құрбақаға теңедің, қалқам? — деді Сырғабеков менің сөзімді әбден тыңдап болғаннан кейін.

— Өзі құрбақаға ұқсап тұрса, мен оны құрбақаға теңемегенде құдайға теңеймін бе, — дедім мен Жуалыда Бердібаевқа айтқанымды қайталап.

Нығмет ағай бетіме қарап отырды да, басын шайқады.

— Ол кісі жаман-ақ адам шығар, қалқам. Бірақ ол кісі сенен үлкен ғой. Үлкенді сыйлау керек еді ғой.

Мен ұялғанымнан жерге кіріп кете жаздадым. Нығмет ағайың «қалқамдап» отырып айтқан екі ауыз сөзі маған ауданда көрген көресілерімнің бәрінен де ауыр боп тиді. Не дерімді білмей, қып-қызыл болып отырып қалдым.

— Сен әлі жассың ғой, қалқам, — деді ол осыдан кейін.

— Үлкенді сыйлағанның қадырын үлкейгенде білерсің. Жарайды, жасыма. Өлкелік комсомол комитетінің бірінші секретары Қайсар Тәштитов деген ағаң бар. Осыдан шыққан соң сол кісіге кір. Мен хабарлап қояйын, — деп телефонын бұрай бастады.

Тәштитовпен сөйлесіп болып, Сырғабеков қайтадан маған қарады. — Жаның жүдемеу, жалының сөнбеу үшін, қалқам, Ленин бейнесі бар билеттен айрылмауың керек. Алдымен комсомолдық билетіңді алып ал.

Сырғабековтың алдынан әрі қызарып, әрі қанаттанып шықтым. Сол бетіммен ұшып отырып Тәштитовке бардым. Ол бір ер көңіл, жайдары кісі екен.

— Үлкенді сыйлай алмағаның үшін Нықаң сенің бетіңді қызарттым деді. Енді мен кинамай-ақ қояйын. Бар да, билетіңді алып кел, — деп Жуалы аудандық комсомол комитетіне қағаз жағып берді. — Тез орал, оқуға жолдаманы қайтып келген соң беремін.

Бұлай дейтіні ол кезде жоғары оқу орнына түсетін жастарға жолдаманы Өлкелік комсомол комитеті береді екен. Одан кейін, Нығмет ағайдың ақылы бойынша, Өлкелік кәсіподақ советінің бастығына бардым. Ол менің қалай кәсіподақ мүшесінен шығып қалғаным жайлы әңгімені шек-сілесі қата күліп отырып тыңдады. Менің кәсіподақ билетімді қайтарып беруді талап етіп, ауданға ол да қағаз жазып берді.

Сонымен, не керек, құстай самғап, қайтадан ауданға келдім. Тіпті қолы қойылған қағазды қолына ұстатқанымда комсомол комитеті секретарының көзі шарасынан шығып кете жаздады. Ғафу өтініп, дереу билетімді қайтартып бермеді. Кәсіподақ билетім және қалтама түсті. Екі ұйымнан да шығып, тура ауылға тарттым.

— Жәке, — дедім әкемнің алдына барып. — Міне комсомол билетім, міне кәсіподақ билетім.

Әкемнің қуанғанынан қолы қалтырап кетті. Үй ішіне өзімнің қалай Сырғабековке барғанымды, одан соң Тәштитовке кіргенімді бәрін тегіс жырдай ғып баяндай бердім.

— Е, қызыңды... оларды осылай ету керек қой! — деп мұны естігенде Момынкүл көкем біржола өркештеніп кетті. Кейіннен ол ел ішінде қылдай қиянат көрсе: «Бұл қызғалақтарды біздің Бауыржанша үйрету керек» деп кез келген жерде күпілдеп шыға келетін болыпты.

Автор. Сіз қандай адамдарды қадірлейсіз? Қандай адамдарды жек көресіз?

Бауыржан. Ардақты ананы қадірлеймін. Ары бар азаматты ардақтаймын. Талабы бар жасты құрметтеймін. Маңғазсынған ағаны ұнатпаймын. «Бауке, мына сөзіңіз құдайский, сіз данышпансыз» деп көзге мақтап көлгірситін ініні жек көремін. Шын дос сыртыңнан мақтайды. Сайқал ғана бетіңе қарап қылмыңдайды. Әйелдің сайқалы бірді ғана арбайды, әдебиет сайқалының мыңға зияны тиеді. Түсінікті ме саған?

#### IV

Екі-үш күн үйде болып, Жәкемнің көңілі жайланғаннан кейін тағы да Алматыға тарттым. Онда осы күнгі Гоголь мен Фурманов көшелерінің қиылысқан жерінде медицина институты болатын. Ректоры Санжар Аспандияров деген кісі еді. Өзі Халық Комиссары. Әліме қарамай дәрігер боламын деп сол кісіге бардым. Қабылдаттырды. Жатақханадан орын бергізді. Алғашқы сабаққа бардым. Алғашқы сабақтан кейін-ақ ол институттан қашып құтылдым. Мәселе былай болды.

Алғашқы сабақта бәріміздің үстімізге халат кигізіп, подвалдағы үйге алып барды. Үйге кірісімен жалаңаш жайрап жатқан өліктердің үстінен шықтым. Оларды көрісімен денем дір ете қалды. Ертіп кірген дәрігер:

— Бұның атын мәйітхана деп атайды. Мұнда... — дей бергенде-ақ мен зыта жөнелдім. Есік алдына шығып, халатын өткіздім де, институтты тастап қаштым. Артымнан жаңағы басы жоқ, аяғы жоқ тыр-жалаңаш өліктер тырақайлап қуып келе жатқандай көрінді. «Жоқ, оқусыз қалсам да бұл институттың қарасын көрімеймін» дедім қашып бара жатып. Қанша қашсам да, содан он жыл кейін өліктердің ортасын кешіп жүретінімді білмеппін ғой мен.

Автор. Сіз шығармаларыңызды қай тілде жазасыз?

Бауыржан. Екі тілде: орысша, қазақша. Екі тілде де менің шығармаларымның оқиғасы, ермегі, кейіпкері ортақ адамдар. Оны орысша жазғанда менің көз алдымда тек қана Иван, қазақша жазғанымда тек қана Ілияс отырады. Мен олармен өз тілдерінде сөйлесемін.

Содан Гоголь көшесін қуалап келе жатсам бір үйдің алдында: «Ауылшаруашылық институты» деген жазу тұр. Қуанып кеттім. Осыған түсейін, агроном болайын деп ойладым. Ректоры Ораз Жандосов екен. Осылай да осылай деп жайымды айттым.

— Шырағым, — деді ректор, — жеті жылдық біліммен институтқа түсе алмайсың. Осы институттың екі жылдық кешкі рабфагі бар, соған түс. Халың қалай, ақшаң бар ма?

— Жоқ.

— Онда сен маған көмекші хатшы болып, бір жағынан айлық ал.

Сөйтіп, бір жағынан кешкі рабфакта оқып, бір жағынан Ораз ағаға көмекші хатшы болып үш-төрт айдай жүрдім. Жандосов өте шешен, ақылды кісі еді. Кабинетінде көп болмайтын: анда-мұнда шақырып, отырғызбайтын. Сондықтан мен сабағымды алаңсыз оқып, отыра беретінмін.

Бір күні кешке рабфактың оқу ісін меңгерушісі бірер сұрағыма жауап бере алмағаным үшін маған жатып кеп ұрысты. «Жандосов сияқты білімді адамның қасында отырып, сабақ білмеуге ұялсаңшы. Және өзі жалақы алып оқиды. Жалақы алған студент оңушы ма еді?» деп жерден алып, жерден салды.

Осыдан кейін мен Ораз ағаға көрінуге ұялдым. «Өлімнен ұят күшті» деген емес пе, ол кісіге айтпастан, рабфакты да, көмекшілікті де тастап, кеттім де қалдым бір күні. Әрине, соның бәрі жас кездегі балалық, намыскерлік қой, қарағым.

Автор. Қазақ әдебиетінің әскери тақырыпқа жазылған туындылары туралы пікіріңіз қандай?

Бауыржан. Ол туралы айтсам бәрін де өкпелеп қаласындар. Әскери тақырыпты біздің көпшілік жазушыларымыз әлі түсінбейді. Түсінбейтіні тәжірибе, білімі жетпейді. Ал әскери өмір күрделі, оның үстіне көктемдей құбылмалы өмір. Сондықтан оның терең сырын білу оңай емес. Адамның үйдегі психологиясы бір басқа да, соғыстағы психологиясы мүлде өзгеше болады. Бұл екі жағдайдағы психологияның арасы жер мен көктей. Әрине, соғыста болмай-ақ, суық окопта жатпай-ақ, төбеден төнген бомбаның



жаныңды суырып алардай боп шыңғырған даусын білмей-ақ, жаралы жер мен жаралы адамның ыңырсығанын естімей-ақ, дәрі мен қанның исін иіскемей-ақ, үйде отырып-ақ әскери шығарма жазуға болады. Ондай жазушыны, жалпы білімі болғанымен, соғыстан сауаты жоқ жазушы дейміз. Ал өзі сауатсыз жазушының кейіпкері надан болып шығады. Ондай кейіпкерлер, мысал үшін, Ұлы Отан соғысында қарсы келген жауды найзаға шаншып алып, лақтыра береді, лақтыра береді. Ал оның адамды лақтырған жеріне сенің тас лақтырсаң құлашың жетпейді. Бұл біздің асыл қазынамыз ауыз әдебиетінің тәсілі. Егер «Қобланды батыр» жырын өзіміздің ең алғашқы әскери дастанымыз деп есептесек, соны бірінші жырлап шығарған ақынның соғысқа қатыспаған жан екені бесенеден белгілі болып тұрады. Ондағы соғыстардың бәрі де соғыс өмірінің шындығынан аулақ алшақ жатады. Ал адам туралы ғылым кең өрістеген қазіргі заманда әскер психологиясын ауыз әдебиетінің әдісімен бейнелеп, суреттеуге болмайды.

Соғыстан пәленбай мың шақырым жердегі алыста, туған үйінде отырып жазған жазушы тұрғай, майданнан 250 километр алыста болған тыл офицері алдыңғы шепте жүрген дивизия командирінің, ал майданнан он километр аулақ тұратын штаб хатшысы алғы шепте жүрген жауынгердің психологиясын білмейді. Сондықтан олар өзі бастан кешпеген ерлік пен батылдықты, үрей мен қорқынышты соғысқа қатынасқан адам сенетіндей етіп суреттей алмайды. Ондайлар тек қана өздерінің оқығандарынан, естігендерінен, өз ойы ғана жеткен мөлшерден қоспа жасайды. Қоспа дегеннің не екенін білесің бе? Қазақта осындай бір дәм бар. Оны ірімшіктің, құрттың, тарының, бидайдың талқанынан жасайды. Бәрін араластырып жіберіп, сары майға жаншады. Сонда одан аузына салғанда ірімшіктің де, сықпа құрттың да, тарының да, талқанның да дәмі білініп тұрады. Бірақ ол тары да емес, ірімшік те емес, небәрі қоспа ғана. Соғыс жайындағы әр кітаптың әсерінен құралған шығарма да сондай болады. Сен зеңбірек командирі болдың, артиллерияның кіші командирісің. Өзін ойлашы: жабық позициядан жау жаққа дүңкілдетіп снаряд жолдап жатқан сен дәл сол сәтте, төбесінен сенің жіберген снарядтарын ысқырып өтіп, окобының жиегін жау пулеметінің оғы инедей шабақтап жатқан кездегі өзі бас болып жігіттерін атақаға көтеруге міндетті жаяу әскер кіші командирінің психологиясын білесің бе? (Мен басымды шайқадым). Білмейсің. Білмеген соң оны жеткізіп айту қиын. Ал соғыстың философиясын, солдаттың психологиясын жеткізіп көрсете алмаған туынды әскери шығарма емес, әшейін шатпырақ қана болады, қарағым. Сен де әскери тақырыпқа жазып жүргендердің бірісің. Көңіліңе келсе де менің сендердің шығармаларын жайында айтар шындығым осы, шырағым.

— Сонымен таңертең рабфактың есігін қатты жауып кетсем де, жастықтың қызбалығымен бәрі бір басқа күн көріс табармын десем де, түс ауа-ақ тығырыққа тіреле бастадым. Енді Сырғабекке де, Тәштитовке де баруымның реті жоқ деп білдім. Сөйтіп, салбырап көшеде келе жатқанымда артымнан біреудің менің атымды атаған даусы естілді. Жалт қарасам бұрын Жуалы аудандық атқару комитетінде өзіммен бірге қызмет істеген Тимофей Терентьевич Дубовик деген кісі келе жатыр.

— Айналайын-ау, өзің жеткізетін емессің ғой, — дейді қолын ұсынып.

Екеуіміз шұрқырасып табыстық. Ол маған бірден:

— Жүр, екеуіміз алдымен бір жерден барып тамақ ішейік. Менің күні бойы ас ішуге мұршам болған жоқ, — деп ұсыныс жасады.

Дубовик жол-жөнекей менің хал-жайымды сұрады. Асханада отырғанда өзінің қазір Шымкентте өнеркәсіп банкының басқарушысы болып қызмет істейтінін айтты. Менің жай-жапсарыма әбден қанғаннан кейін ол мені Шымкентке қызметке шақырды. Мен басқаратын банкке экономист боласың, — деді.

— Болайын, — дедім мен. Ол жұмыс менің қолымнан келе ме, келмей ме, онда шаруам жоқ тіпті.

— Ендеше, сен осы сәттен бастап Шымкент өнеркәсіп банкының қызметкерісің, — деді Дубовик қолын қалтасына салып жатып. — Мә, екі жүз сом ақша. Бұл сенін әзірге алған авансың болып есептеледі. Мә, мынау Шымкенттегі менің үйімнің әдірісі. Қазір поезға мініп жүріп кет те, тура біздікіне барып тұр. Екі күннен соң артыңнан мен де жетемін.

Бұл өзі 1931 жылдың бас кезі болатын. Менің маңғзданып, бұлданарлық жайым жоқ еді. Асханадан шығысымен вокзалға бардым да, билет алып, бірден Шымкентке тарттым.

Автор. Сіз «Біздің семья» кітабыңызды қашан жаздыңыз. Оны қазақша шығартпайсыз ба?

Бауыржан. Бұл кітапты мен 1947 жылы Бас штабта оқып жүрген кезімде жаздым. 15 күнде бітірдім. Оны қазақ, тілінде шығармаймын. Өйткені ол тек қана орыс оқырмандарына арналып жазылған дүние.

Автор. Бұл кітабыңыздың жалғасы жоқ па?

Бауыржан. Бар, жазулы дайын тұр. Орыс тілінде. Баспаға ұсынғам жоқ. Өзің өлгеннен кейін де бір нәрселеріңнің жариялануы керек шығар.

— Ал сонымен мен Шымкентке келейін. Менің артымнан астанадағы жұмысын бітіріп, Дубовик те қайтып оралды. Келісімен ол: «Б. Момышұлы Шымкент өнеркәсіп банкының экономисі болып тағайындалсын» деген бұйрық жазып, қолын қойды да, Корнеев деген аға экономисті шақыртты.

— Мына жігітті экономист етіп тағайындадық, — деді Корнеевке мені таныстырып.

— Арнаулы білімі бар ма? — деп сұрады Корнеев.

— Жоқ.

— Ендеше қате жасағансыз, — деді Корнеев Дубовикке. — Арнаулы білімі барлар да экономистікке жарамай жатады. Мен бұлай етуіңізге кеңес бермеймін. Өзіңіздің де арнаулы біліміңіз жоқ, күйіп кетесіз.

— Мен бұйрыққа қол қойдым, — деді Дубовик даусын көтермей жай сөйлеп. — Енді оны өзгертпеймін. Мен бұл жігіттің қабілетті екенін білемін, үйретеміз, алып кетеді.

— Онда өзіңіз үйретерсіз. Мен оқыта алмаспын.

— Жоқ, сіз үйретесіз, — деді Дубовик тағы да даусын көтерместен. — Сіз мені де, мұны да үйретесіз, үйретуге міндеттісіз. Біз білмейміз, ал сіз ескі мамансыз.

— Маманмын, бірақ мұғалім емеспін.

— Мұғалім болу ниетке байланысты. Біздің ортақ ісімізге адамдар мен мамандардың адал ниеті қажет.

Корнеев үндей алмай қалды. Алғашында оскырынып жүргенімен, артынан ол ептеп маған үйрете бастады. Оның тапсырмаларын мен бұлжытпай орындай бердім. Қарт маған бірте-бірте жібіп, жұмсара түсті.

— Мына жігітімізден бірдеңе шығатын түрі бар, — деді ол бір күні Дубовикке. — Арнаулы білімі болмаса да, ықыласы күшті екен.

Арнаулы білімім болмаса да экономист боп бір жыл қызмет істедім.

Автор. Қазір не жазып жатырсыз?

Бауыржан. Қазір жазғанымды айтуға аузым бармай отыр. Бір нәрсені бітірдім. Оны жазып жүргеніме 3 — 4 жылдан асып кетті. Көлемі 350—400 беттей болды. Бұл нәрсенің шартты аты «Последние дни войны, последние дни солдата». Өзін өте қиналып жаздым. Оттан алған қып-қызыл темірді ұсталар төске салып соғып-соғып, қажетті пішінге келтірген соң шыж еткізіп суға тастай салмай ма? Сол сияқты жазғанымды «суыту» үшін біраз уақыт тығып тастадым да, содан соң «Арасан-Қапалға» апарып, бір жарым ай қайтадан қарап шықтым. Шынымды айтсам оны өзім әлі де шикілеу дүние деп таптым. Мұндай үлкен тақырыпқа ондай шала нәрсемен көрінуге болмайды деп түйдім. Қайта жазуым керек деген қорытындыға келдім. Демалып, денсаулығымды түзеп, сәл есімді жинаған соң бұған қайта отырамын. Мұның қалай сәті түседі, білмеймін. Шала туып, тымаққа салып, керегенің басына іліп қойған баладай болып, осы менің қол-аяғымды буып отыр. Оны тастап ешқайда кете алмайсың, жаңа нәрсеге және кірісе алмайсың. Осы кітабымды түбегейлеп, түптеп, оқушы қолына беріп кетсем арманым болмас еді деп те ойлаймын, қарағым.

1932 жылы ноябрьде мені военкоматқа шақырды. Жиналған жігіттерді тыр жалаңаштандырып, дәрігерлердің алдынан өткізіп жатыр. Біреу сыртты, біреу ішті, біреу тісті қарап, тақия жүгіртпек ойнағандай, дәрігерден дәрігерге қарай сырғып келе жатырмыз. Менімен Иманәлиев деген бір жігіт қатар кірген еді. Алғашында сап-сау жігіт комиссияға кіргенде біресе ішім, біресе ітісім деп, өп-өтірік қиналды да қалды. Көз дәрігерінің алдына келгенде жұдырықтай әріптерді көрмеймін деп, көпе-көрнеу өтірік соқты. Мен дәрігерлерге денсаулығымның жақсы екенін айтып, әріптердің бәрін заулатып оқып бердім.

Ең соңында комиссардың алдына жаңағы Иманәлиев екеуіміз тағы да қатар бардық.

— Өзіңіз айтқаныңызбен денсаулығыңыздан әскерге баруға бөгет боларлықтай ақау табылған жоқ, — деді комиссар ана жігітке. — Сізді әскерге алуға болар еді. Бірақ өзіңіздің барғыңыз келмейтін сияқты. Біз әскерге өз еркімен барғысы келгендерді ғана аламыз.

Иманәлиев басын изеп шығып кетті.

— Сіздің де денсаулығыңыз жарамды, — деді комиссар маған. — Бірақ қарт кісінің жалғыз баласы болғандықтан, сізге берілетін жеңілдік бар. Егер әскерге барғыңыз келмесе, сізді де қалдыруға болады.

Бармаймын деуге менің аузым бармады.

— Барамын, алыңыздар, — дедім комиссарға.

Ертеңінде үйге мынадай қағаз келді:

## КЕЛУ КАРТАСЫ № 20

Азамат Момышұлы Шымкент шақыру комиссиясының ұйғарымы бойынша әскерге жарамды деп танылып, 8 командаға тіркелді.

Сол себепті ол 1932 жылдың 7 ноябрінде сағат 7-де Шымкент қорғанына келуге міндетті.

Комиссия председателі (Қол қойған).

Іс жүргізуші (Қол қойған).

(Мөр басылған).

Автор. Кітаптарыңыз неше рет басылып шықты? Қандай тілдерге аударылды?

Бауыржан. Кітаптарымның күні бүгінге дейінгі тиражы бір миллион данадан асты. Олардың жеке тараулары чех, поляк, испан, француз, ағылшын тілдерінде басылып шықты. Толығырақ болып өзбекшеге аударылды.

— Әскери қызметті мен Термезде өтедім. Қызыл әскер болдым. Жауынгер қатарында тапсырма орындай жүріп, үздік қызыл әскер атағына іліндім. Полкымыздың командирі Дмитрий Коваленко деген кісі еді. Бір күні стрельбищеде болған жаттығуда сол кісінің көзіне түстім. Алғашқы әскери ұстазым Николай Редин деген кісі күні бүгінге дейін көз алдымда. Бұл жайында мен «Помкомвзвод Николай Редин» деген әңгімемде жаздым. Оны кітаптан оқып ал.

Мен ол әңгімені оқығанмын. Бауыржан Момышұлының 1962 жылы шыққан «За нами Москва» кітабының ең соңғы беттері нақ сол әңгімемен аяқталады. Бауыржан, ұзын, етсіз саусақтарымен мұртының екі жақ шалғайын кезек сипап, сәл тыныс алған осы бір сәтте сол әңгімені есіме алдым. Әңгіменің бас жағында Николай Рединнің жас қызыл әскер Момышұлын қалай үйреткені, оны қалай мергендікке баулығаны баяндалады. Дивизия тексеруге Буденныйдың орынбасары генерал Когосов келгенде, қызыл әскер Шылымылының (Момышұлының) үш минутта отыз екі оқ шығарып, оның жиырма екісін нысанаға тигізгені, осы шапшандығы және мергендігі үшін генералдың Бауыржан мен оның ұстазы Николай Рединге алғыс жариялағаны айтылады. Ұстаз бен шәкірт осыдан он жылдан аса кейін, Ұлы Отан соғысының майданында кездеседі. Бұл кезде Бауыржан Момышұлы дивизия командирі де, Николай Васильевич Редин сол дивизияға қарасты

танкке қарсы қолданылатын артиллерия дивизионында взвод командирі. Бірақ Бауыржан алғашында бұрынғы ұстазының өз карамағында қызмет ететінін білмейді. Тек бір ұрыста Редин есімді артиллеристің бес танк жойғанын естіп, сол адаммен танысқысы, жүздескісі келеді. Ол Бауыржанның бірінші ұстазы Николай Рединнің өзі болып шығады. Содан кейінгі ұрыстардың бірінде ауыр жараланған Редин Бауыржанның көз алдында қаза табады. Әңгіме былай аяқталады:

«...Телефон шырылдады.

— Жолдас полковник, — деді таныс емес әйел даусы, — мен дәрігермін. Ғафу етуіңізді сұраймын. Бізге жаңа ғана старшина Рединді алып келді, жарасы өте ауыр...

Мен дереу медсанбатқа жеттім. Зембілде жатқан Николай Васильевичтің жүдеу жүзі күп-кү болып кетіпті. Палатадан қан мен қарағай қылқанының исі мұңкиді.

Мен келіп кіргенде, Редин қарманып орнынан тұрмақ болды.

— Бауыржан! — деді ол маған. — Келіп қалдың ба? Көрмейсің бе, немістердің омыртқамды омырып жібергенін... Комдив келгенде орнымнан да тұра алмай қалдым!.. Бұдан өткен өкініш бола ма, Бауыржан. Сен менің мұнымды ғафу ет, қалқам...

— О не дегеніңіз, Николай Васильевич, о не дегеніңіз, қымбаттым, тұрудың керегі не!. Ұстаздығың үшін, қызметің үшін көп рақмет саған, Николай Васильевич! Рақмет саған, қымбаттым!

Ол көзін ашып, сұп-суық боп мұздап бара жатқан қолын ұсынды да, даусы естілер-естілмес болып былай деді:

— Сен солай дейсің бе?.. Совет Одағына қызмет етемін! — Бұл оның ең соңғы сөзі болды.

Мен оны құшағыма алып, еңіреп қоя бердім.

Менің алғашқы ұстазым, тұңғыш командирім Николай Васильевич Редин осылай дүниеден қайтты».

Автор. Сіз жайында ел ішінде айтылатын аңыз орасан көп. Қазіргі жазба әдебиеттің заманында ауыз әдебиетінің де кейіпкері болып жүрген екі-үш адам бар. Олар: С. Мұқанов, Б. Момышұлы және С. Жанбаев. Өзіңіз туралы етек алып кеткен сол аңыздар жайында не айтар едіңіз.

Бауыржан. Мен өмірімде екі түрлі аңызды басымнан кешірдім. Бір кезде мені жер-көкке сыйғызбай аңызға айналдыра мақтады. Кейінгі кезде әркімдер аңызға айналдыра жамандады. Мақтады деп тасқамын жоқ, жамандады деп жасығамын жоқ. Қара қылды қас жарғанды мақтайды да, боқтайды да ғой, қарағым.

## V

Автор. Жазушылыққа шындап қашан бет бұрдыңыз?

Бауыржан. Партия мен үкімет әскерде көп қызмет істедің, демал деп, айына екі жүз сом пенсия тағайындап, ауылыма қайтарды. Елге келгеннен кейін екі қолым алдыма сыймады. Қызметке тұрайын десем, мамандығым жоқ. Қалай дәрігер, агроном бола алмағанымды жоғарыда айттым. Мамандығым болмаған соң маған жұмыс бер деп ешкімге айта алмадым. Қарап жүруге тағы да болмады. Аз болсын, көп болсын біраз өмір сүріппін. Сол өмірде көргендерім де аз емес екен. Айтсам арттағыларға ғибрат боларлық та жайлар жеткілікті сияқты. Білім де, тәжірибе де, оларды айтып беруге тіл де баршылық. Қазақта: «Сайтан өлмейді, адам өледі» деген нақыл бар. Ендеше, ерте ме, кеш пе, мен де сол өлетіндердің бірімін. Осыларды ойлап отырдым да бір күні: «Менің білімімнің, тәжірибемнің, әй, құдай біледі, ана дүниеге керегі жоқ шығар. Енді қалған өмірімде көрген-білгенімді жастарға айтып кетейін» деп қолыма қалам алып, жазу жұмысына кірістім. Өзім көрген асыл азаматтар өнегесін, өз тәжірибемді өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі етіп қалдыруды адамгершілік парызым деп білдім. Жазушылыққа осылай бет бұрдым.

Сөйтіп, бір жыл өтті. Мен әскери борышымның мерзімін өтеп болдым. Осы кезде Коваленко маған взвод командирі болып әскерде қалсаң қайтеді деген ұсыныс айтты.

— Кәрі әкенің жалғыз баласы едім, — дедім мен оған. — Қатардағы қызыл әскер ретінде парызымды өтедім ғой. Өмір бойы әскери адам болсам деп ойлаған кісі емеспін. Сондықтан мені елге қайтаруыңызды өтінемін.

Коваленко қарсы болған жоқ. Қыс түсе мен әскерден босап, елге қайттым.

Автор. Сіз өзіңіздің мақал, мәтелдеріңізді қалай шығардыңыз?

Бауыржан. Мақал, мәтел — өмір тәжірибесі. Қиналған, қысылған сәттерің мен шақтарың бар, сол қысылшаң кезден қалай құтылғаныңды оймен өрнектеп, сөзбен кестелесең, тұжырып қысқа бейнелесең нақылға айналады. Қол астыңда пәлендей мың солдат болып, оның пәлендей семьясының тағдыры және сенің мойныңда болса, ойланбай отыра алмайсың. Сонымен солдатты өлімге жұмсау да оңай емес. Қарамағымдағы жауынгерлер маған тек бағынышты ғана болған жоқ. Олардың ішінде ақылгөйлері де көп болды. Кейде солардың ауыздарынан асыл сөздер атқылап жатады. Мен елден естігенімді, оймен елеп, екшей бердім. Екшегенімді ерінбей қағазға түсірдім.

Автор. Сіздің сол көп нақылдарыңыз ішінде әсіресе өткірі, уыттысы «Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық» деген мақалыңыз қалай туып еді?

Бауыржан. Жақсы командир жауынгерін зор етеді. Жаман командир офицерін қор етеді. Генерал Панфилов қайтыс болғаннан кейін аз уақыт болса да осындай бір командирге тап болдық та, ол бүкіл дивизияның берекесін алды. Сондай бір қысылғанда ауыздан шыққан сөз ғой бұл, қарағым.

Мен қақпайлағанмен Баукең өзі нысана тұтқан желісінен ауытқысы келмейді білем, өз арнасына қайта түсе жөнеледі.

— Сонымен 1933 жылдың аяғында, қақаған қыста, шинелімнің екі етегі делендеп, шлемімнің екі құлағы салпаңдап, Бурныйға тоқтаған поездан дік етіп жерге түстім. Поезда келе жатқанда Тайганың алдан қашқан ақ түлкісінің құйрығындай жеп-жеңіл, жұп-жұмсақ сияқтанып, дала бетінде бұлаңдап тұрған боранның жерге түскенде екпіні ер жігітті алып соғардай қатты екен. Маңдайында қызыл жұлдызы жарқыраған шошақ шлемнің екі

құлағын иегіме қамзау етіп байладым да, алдымен ауыл жаққа қарадым. Ауыл көрінбейді. Мынау сансыз ақ түлкінің құйрығындай бұлаңдаған ақ түтектердің ар жағында, төрт-бес шақырым жерде ғана тұр. «Жүр-жүрлеп!» жүректі сағыныш жетелейді. «Сабыр, сабыр!» деп санам тартпақтайды. Жас адамға жүрек — би. Сана билейтін шар тартқан кез емес еді ғой ол. Сақылдаған аяз, соғып тұрған боранға қарамастан: «Қайдасың аяулым, ауылым? Қайдасың ата-ана, бауырым?!»—деп, Мыңбұлақты бетке алып, жүрдім де кеттім.

Боран менің кеудемнен соғады, мен оны кері итеремін. Екеуміз теке тіреспен келеміз. «Айналайын даламның ақ бораны! Бауыржан әскерде қандай азамат болды екен деп сынағын келетін болар сенің. Сына! Ал аяғымнан! Күрес менімен. Бәрібір Бауыржан сенің қикағыңа көнбейді!» деймін өз-өзімнен күбірлеп.

Сөйтіп, Евгеньевканың тұсына жеттім. Жол селоға соқпай, сыртымен өтетін еді. Бала күнімде көшесінде талай рет асыр салған село көзіме жылы ұшырап кетті. «Евгеньевка, амансың ба, ей?» дедім бар даусыммен айқайлап. Менің аузымнан шыққан айқайды боран ала қашып, естіртпеді-ау деймін, сірә, мұржалары қиқып, шатырлары тоңған торғайдың қанатындай қобырап тұрған село бері қарай жүрмей, ары қарай алыстаған сияқтанып, көзімнен ғайып болды. Тағы да аз-маз тұрдым. Боран сәл толастап, село қайта көрінді. Көзіммен Гончаровтардың үйін іздеп таптым да: «Әй, Василь, не істеп отырсың?» деп тағы бір саңқ етіп, қайтадан ауылыма қарай аяңдадым.

Бір кезде қар ойылып кетіп, белден келер тереңге гүмп еттім. Мыңбұлаққа жеткенімді сонда ғана білдім. Өйткені біздің ауылымыздың айналасы сансыз бұлақ болатын. Сондықтан да ол жер Мыңбұлақ атанған. Ол бұлақтардың суы қыста қатпайтын, жылы болатын. Осындай боран соғып тұрғанда бетін қар бүркеп қалғаны болмаса, боран басылысымен бұлақтар бетін ашып, бойларынан буы бүрқырап жататын. Сөйтсем мен сол бұлақтарға келіп сүрінген екенмін.